Қазақстан Мал өсірушілер одағының директоры Дәурен Салықовтың айтуынша, Одақ құру туралы шешім кәсіби қауымдастықтың сала ішіндегі өзара іс-қимылды жүйелеу және мал шаруашылығын дамытудың негізгі мәселелері бойынша бірлескен ұстаным қалыптастыру қажеттілігіне жауап ретінде қабылданған. Бірлестік құрамына республикалық салалық палаталар, ірі ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері, бордақылау алаңдары, асыл тұқымды шаруашылықтар, ет өңдеу кәсіпорындары, сондай-ақ өндірістік тізбектің әртүрлі кезеңдерінде —



өсіруден бастап өңдеу мен өткізуге дейін қызмет атқаратын фермерлік қожалықтар енді.

«Одақ қызметінің басым бағыттарының бірі – шағын және орта фермерлік шаруашылықтарды қолдау. Жаңа алаң фермерлерге мемлекеттік



қолдау шараларына, қаржыландыруға, салалық сараптамаға және өткізу нарықтарына қолжетімділікті кеңейтуге, сондай-ақ нарықтың ірі қатысушыларымен өзара іс-қимылды және кооперацияны дамытуды жеңілдетуге мүмкіндік береді», – деді Дәурен Салықов.

Жалпы алғанда, Одақтың қызметі саланың практикалық міндеттерін шешуге бағытталған. Атап айтқанда, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыру, шаруашылықтардың экономикалық тұрақтылығын нығайту, қайта өңдеу мен экспорттың бағыттарды дамыту.

Аталған бірлестіктің жұмысы мал шаруашылығының үйлесімді дамуына ықпал етіп, қазақстандық өндірушілердің ішкі және сыртқы нарықтардағы позициясын нығайтады деп күтілуде.

**ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі.**

# ҚЫС ҚЫСПАҒЫ: КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМ МӘСЕЛЕСІ

Әне-міне дегенше жыл төріне жылқы жылы жайғасқалы бір ай өтті. Жылдың басы келер тұста жақсылық пен жаңашылдықты жаршылайтын жыл болғай дестік. Аттың жалын тартып мінген, үзеңгіні тең басқан қазақ халқы үшін жылқы түлігі тектіліктің, өрліктің, батылдықтың, ерліктің, асқақ рухтың символы. Қашанда «Ердің қанаты – ат» деген халқымыз жылқы малының сәйгүлігін, қазанатын, тұлпарын ерекше бағалап, соны баптауға көңіл бөлген. Мінсең көлік, жесең ас, ішсең сусын болатын бұл жыл иесінің келуімен жаңалықтарға да мойын бұрып, құлақ тосатын, көз тастайтын халқымызға бұл жылда орын алатын әрбір өзгеріс маңызды екені айдан анық.

Жыл басталмай жатып-ақ, өрісін кеңге жайған ақындар мен батырлар елі атанған жамбылдықтар коммуналдық қызмет тарифтерін айтып бір шулаған болатын. Ендеше, бүгінгі мақаламызға себеп болар тақырып та осы коммуналдық төлемдер жайында өрбімек.

2025 жылдың соңында Қазақстанда коммуналдық қызмет тарифтері орта есеппен 10,99%-ға өскені белгілі. Бұл өсім алдымен инфрақұрылымдық шығындардың артуымен, энергия ресурстарының әлемдік бағасының өзгеруімен және операциялық шығындардың өсуімен байланысты болды. Осы жағдай қоғамда «2026 жылы тарифтер тағы да қымбаттай ма?» деген сұрақ тудырды.

Сарапшылардың мәліметінше, соңғы бірнеше жылда қызмет түріне қандай тарифтер жылына орта есеппен 20-30% шамасында артқан. Электр энергиясы мен судың, жылу мен қоқыс шығарудың құны еліміздің барлық аймағында біркелкі емес. Мысалы, 1 шаршы метр үйді ұстау құны – 60-70 теңге болса, кейбір Оңтүстік аймақтарда ол 25 теңгені құрайды.

Су мен кәріз қызметтері де орта есеппен 1 текше метр суға 170 теңге, ал ағын суды әкетуге 100-110 теңге төленеді. Мұндай айырмашылықтар әр аймақтың инфрақұрылымына, энергия ресурстарының өзіндік құндарына байланысты өзгеріп отыр.

Жоғарыда атап өткендей Жамбыл ауданының тұрғындары жыл басында коммуналдық қызмет түрлерінің қымбаттауына байланысты өз шағымдарын білдірген болатын. Осы орайда, жағдайдың толық мәнін білу үшін жауапты мамандарға байланысқа шыққан едік.

«Тауекел-газ құбыры» ЖШС-нің экономист маманы Нұрлан Абиханұлы:

– Иә, жыл басында тұрғындар арасында түсініспеушіліктер орын алғаны рас. Бүгінде орын алған оқиғаға қатысты түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 28 шілдедегі №19-01-02-08/733-И шекті бағаны келісу туралы хабарламасына сәйкес, Алматы облысы, Жамбыл ауданы үшін тауарлық газдың шекті бағасы 2025 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізіле отырып, келесі мөлшерде келісілген болатын:

ҚҚС-сыз – 1000 м$^3$ үшін 42 638,11 теңге;
ҚҚС-пен – 1000 м$^3$ үшін 47 754,68 теңге;
ҚҚС (12%) – 1000 м$^3$ үшін 5 116,57 теңге.

Дегенмен, «Қазақстан Республикасының Салық кодексіне» сәйкес (2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII ҚРЗ) қосылған құн салығы мөлшерлемесінің өзгеруіне байланысты, 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС мөлшерлемесі 12%-дан 16%-ға өзгерді. Осыған орай, тауарлық газдың шекті бағасы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап келесідей болады:



ҚҚС-сыз – 1000 м$^3$ үшін 42 638,11 теңге;
ҚҚС-пен – 1000 м$^3$ үшін 49 460,21 теңге;
ҚҚС (16%) – 1000 м$^3$ үшін 6 822,10 теңге.

ҚҚС-сыз тариф бұрынғы деңгейде қалатынын «Огни Алатау» газетінде және басқа да ақпарат таратушы мекемелермен бөліскен болатынбыз. Сондай-ақ, тұрғындар өзгерісті ақпан айында толық білетін болады. Себебі, мәселе орын алған оқиғада желтоқсан айы бойынша тарифтер көрсетілген дейді.

Дегенмен Үкімет 2025 жылдың қазан айынан бастап 2026 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін коммуналдық тарифтердің өсуіне шектеу қойғанын БАҚ өкілдері жарыса жазудан жалыққан емес. Осы орайда мән-жайды толық түсінбеу салдарынан әртүрлі алып-қашпа әңгімелер мен жалған ақпараттарға сенуден аулақ болуға, көрген ақпаратты толық зерттеуге кеңес береміз.

Тариф бағасына қатысты бұл шешім халықтың қаржылық жүктемесін жеңілдету және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында қабылданды. Сондықтан 2026 жылдың алғашқы үш айында коммуналдық қызметтің негізгі тарифтерінің бағасы өзгермейді, қосымша құн салығынның өзгерісін есептемегенде.

Мамандардың айтуынша, тарифтердің өсу қаупі толық жойылған жоқ. Оның бірнеше себебі бар. Ең бастысы – еліміздегі коммуналдық инфрақұрылымның әбден ескіргені. Көптеген жылу желісі мен су құбырлары ондаған жыл бұрын салынған, ал оларды жөндеу немесе толық жаңарту қомақты қаражатты талап етеді.

Бұдан бөлек, электр энергиясы мен отын бағасы, қызмет көрсететін кәсіпорындардың шығындары, жұмысшылардың еңбекақысы да тарифке әсер етпей қоймайды. Осы факторларды ескере отырып, экономистер 2026 жылдың екінші тоқсанынан бастап коммуналдық қызмет бағасы 20-30 пайызға өсуі мүмкін деген болжам айтады.

**ӘЛЕМДЕ БАҒА ТҰРАҚТЫ МА?**

Коммуналдық қызмет үшін әлемнің біршама елдерінде баға жоғары. Бірақ, баға қаншалықты жоғары болса, сапасы соған сай. Халықаралық статистикалық мәліметтерге сүйенсек, ең жоғары қызмет құны Еуропа елдерінде көрінеді. Мысалы, Германия, Дания, Швециялықтар бір жылда бірнеше мың доллар төлейді екен. Коммуналдық қызмет тарифтерінің бағасы инфраструктуралары дамыған, өмір салты жақсы, энергия мен экологиялық қабілеттері жақсы елдерде едәуір қымбат.

Азия мен Африка елдерінде керісінше, баға арзан. Бірақ, мұндай арзан бағада қызметтердің де сапасы сол шамалас деңгейді көрсетіп отыр.

Осы орайда экономист Бауыржан Ысқақ коммуналдық қызметтердің өсімі ел экономикасындағы барлық секторға әсер ететінін айтады.

– Біріншіден, инфляцияның өсуіне тікелей әсер етеді. Коммуналдық қызмет тарифтері өскенде, бүкіл өндістердің шығыны көбейіп, тауарлар мен қызметтердің бағасы қымбаттайды. Екіншіден, халықтың табысының төмендеуіне алып келеді. Егер баға көтеріліп, жалақы сол қалыпта қалатын болса, сатып алу қабілеті төмендеп, экономиканың белсенділігінің баяулауына алып келеді, – дейді ол.

Сондай-ақ сарапшы пікірінше, өндірістегі тауарлардың қымбаттауы оның құлдырауына әкеліп, бәсекелестіктің жойылуына алып келуі мүмкін.

Ең негізгі себеп – коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсімі мемлекетке субсидия бөлу қажетіллігін тудырады, – дейді ол.

Сонымен қатар елімізде әлеуметтік осал топтарды қолдауға бағытталған тұрғын үй көмегі жүйесі ұзақ жылдар бойы халыққа демеу болып келеді. Бұл механизм ең мұқтаж азаматтарға тұрғын үйді тек алу немесе жалға алу деңгейінде ғана емес, коммуналдық қызметтерге, жылу мен суға жұмсалатын шығынның бір бөлігін өтеп, отбасының қаржылық жүктемесін азайтады.

Осы орайда көмек кімдерге бағытталғанын айта кетейік.

Тұрғын үй көмегі негізінен мына азаматтарға беріледі:

• Жалғыз тұратын және тұрақты тіркелген азаматтар;

• Мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға пәтер алғандар;

• Жергілікті атқарушы органдар берген жеке сектордағы пәтерді жалдап тұратындар.

Өтініштерді электронды үкімет порталы арқылы онлайн немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының бөлімшелері арқылы оффлайн жолдауға болады.

Ranking.kz деректеріне сүйенсек, еліміз өткен жылыту маусымын апатсыз өткізіп, сәтті аяқтады. Инфрақұрылым біртіндеп тұрақтанып келеді. Жаңа тарифтік саясатты жүзеге асыру елдің экономикасын дамытуға жол беріп, Екібастұз бен Риддерде болған жағдайлардың қайталануына мүмкіндік бермеді. Атаулы өтемақы механизмі әлеуметтік қорғау мен инфрақұрылымға инвестиция салу арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ете отырып, аз қамтылған отбасыларға жүктемені жеңілдетеді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректеріне сүйенсек, 2025 жылғы жағдай бойынша тұрғын үй көмегі 9,6 мың отбасыға тағайындалған. Жалпы сомасы 453,4 млн теңгені құрады. Бір отбасыға бір тоқсандағы төлемнің орташа мөлшері – 4,6 мың теңге.

Ал 2024 жылы жылы тұрғын үй көмегінің жалпы сомасы 592,1 млн теңге болды. Бұл төлемді 17,55 мың отбасы мүшесі алды. Бір жыл ішінде төленген көмек 42,7%-ға қысқарса, алушылардың саны 64,3%-ға төмендеген.

Тұрғын үй көмегі ең алдымен аз қамтылған отбасыларға бағытталған. Ал зейнеткерлер, мүгедектігі бар азаматтар, көпбалалы немесе басқа санаттағы мұқтаж адамдар тең дәрежеде қолдау алады. Бұл жүйе тұрғындарды коммуналдық қызмет тарифтерінің күрт өсуінен қорғай отырып, әлеуметтік теңдік пен тұрмыстық жағдайды сақтауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, коммуналдық қызмет тарифтерінің өзгеруі – тек бір саланың емес, тұтас қоғамның әлеуметтік-экономикалық ахуалына әсер ететін маңызды мәселе. Тарифтердің өсуі инфрақұрылымды жаңартуға қажетті болғанымен, мемлекет тарапынан енгізілген уақытша шектеулер мен тұрғын үй көмегі сияқты әлеуметтік қолдау тетіктері халықтың қаржылық жүктемесін жеңілдетуге бағытталған. Сондықтан әрбір азамат ресми ақпаратқа сүйеніп, қолданыстағы жеңілдіктер мен көмектерді тиімді пайдалана білсе, коммуналдық төлемдерге қатысты алаңдаушылықтың да алдын алуға болады.

Майра Райымбердиева
ATAMEKEN

# ТӨРТ ТҮЛІККЕ ТӨНГЕН ҚАУІП

«Мал ашуы – жан ашуы» дейді дана халқымыз. Күнкөрісі төрт түлікке телінген, бар байлығы – қорасындағы малы болған қазақ үшін бұл сөздің салмағы ауыр. Айдың-күннің аманында малынан айырылған ауыл тұрғынының жанайқайы осы бір қысқа ғана нақылдың өзегінде жатыр. Себебі мал – қазақ үшін тек мүлік емес, тіршілік, нәсіп, ұрпаққа аманат.

Осы бір өткір мәселе Мемлекет басшысының да назарынан тыс қалған емес. 2019 жылдың маусым айында Жамбыл облысы жұртшылығымен кездесуде Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мал ұрлығымен күресті күшейту қажеттігін ерекше атап өтіп:

«Адал еңбек етіп, күнін көріп отырған малшыларды қорғауымыз қажет. Заңды қатайтып, қылмыскерлерді сыбайластарымен қосып, қатаң жазалау керек», – деген болатын. Сонымен қатар Ішкі істер министрлігіне, өңір әкімдеріне және полиция департаменттеріне нақты тапсырмалар жүктеген еді.

Алайда соған қарамастан, мал ұрлығы түбегейлі тыйылды деу қиын. Кейбір сарапшылардың пікірінше, барымтаның тыйылмауына сотқа дейінгі тергеу кезіндегі олқылықтар да әсер етіп отыр. Ұсталған күдіктілердің біреуі бар кінәні өз мойнына алып, сыбайластарын тасада қалдырады. Нәтижесінде қылмыскер бірнеше жылға сотталып, жазасының бір бөлігін өтеген соң шартты түрде бостандыққа шығады да, ал бостандықта қалғандары «кәсібін» жалғастыра береді. Мұндай жағдайда «жең ұшынан жалғасқан» немқұрайлылық пен жемқорлық туралы күдік те қоғам арасында жиі айтылады.

Жуырда Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбаев осы түйткілді мәселені көтеріп, Ішкі істер министрі Ержан Саденовтің атына депутаттық сауал жолдады. Ол Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданындағы жағдайды мысалға келтіре отырып, ауыл тұрғындарының Президенттен тікелей көмек сұрауға мәжбүр болғанын айтты.

«Барымташылар өздерін емін-еркін сезініп жүр. Ауылдан ауданға арыз арқалап барған жұрт полициядан қайран жоқ деп налиды. Тіпті ұры мен полиция сыбайласқан ба деген күдік те бар», – деді депутат. Бұл сауалға Ішкі істер министрлігі жедел жауап беріп, екі күдіктінің қамауға алынғанын, сондай-ақ Катонқарағай ауданына министрлік пен Бас прокуратурадан арнайы топ жіберілгенін хабарлады. Бұл – қоғам талабына берілген нақты жауап еді.

Ал енді аудандағы ахуалға тоқталсақ, ағымдағы жылы өңірімізде мал ұрлығына қатысты 56 қылмыстық іс сотқа жолданған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 10 дерекке аз, яғни 15,2 пайыздық төмен. Дегенмен, қылмыстың ашылу деңгейі алаңдатады – 36 іс ашылмай қалып, ашылу пайызы 30 пайызды ғана құраған. Жүргізілген талдау қылмыстың географиясын айқын көрсетті.



Мал ұрлығының басым бөлігі жоғарғы аймақ ауылдарында, әсіресе Қырғызстанмен шекаралас жайылымдарда тіркелген. Бақылауы әлсіз, шалғай жатқан бұл өңірлер қаскөйлер үшін қолайлы алаңға айналып отыр. Осыған байланысты полиция қызметкерлері шекара қызметімен бірлесіп, бірқатар жедел-іздестіру шараларын күшейткен.

Нақты деректерге жүгінсек, жоғарғы аймақта – 25 факт, тас жол маңында – 13 факт, Ұзынағаш ауылында – 9 дерек, төменгі аймақтарда – 6 факт, Мыңбаев ауылдық округінде – 3 факт тіркелген екен.Ал Қарғалы ауылдық округінде бірде-бір мал ұрлығының тіркелмеуі – жүйелі бақылау мен тұрғындар жауапкершілігінің айқын дәлелі. Жыл басынан бері жүргізілген жедел-іздестіру шаралары нәтижесінде мал ұрлығына қатысы бар 7 қылмыстық топ ұсталды. Бұл – құқық қорғау органдарының тынымсыз еңбегінің нәтижесі деуге болады.

Талдау көрсеткендей, мал ұрлығы көбінесе түнгі уақытта, яғни сағат 22:00 мен 06:00 аралығында жасалады. Қылмыстардың көпшілігі шалғай жайылымдарда, бақылаусыз жүрген малға бағытталған.

56 деректің 43-і еркін жайылымнан, 11-і қорадан және 2 дерек мал базарынан ұрланған. Ұрылардың олжасы да аз емес 848 бас қой-ешкі, 58 бас сиыр, 246 бас жылқы. Соның салдарынан тұрғындарға келтірілген жалпы материалдық шығын 193 миллион теңгеден асты. Бұл – бір ғана жылдың есебі.

Жуырда әлеуметтік желіде желдей есіп, аудан жұртшылығын дүр сілкіндірген ауыр әрі алаңдатарлық оқиға тіркелді. Түн жамылып, қаскөйлікке барған белгісіз адамдар екі үйір жылқыны атып, сойып, етін алып кеткен. Бұл дерек ауыл халқының ашу-ызасын туғызып қана қоймай, төрт түліктің қауіпсіздігіне деген алаңдаушылықты күшейтті.

Жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде Алматы облысына қарасты Ақши ауылының 20-25 жас аралығындағы төрт тұрғыны күдікке ілініп, көп ұзамай қолға түсті. Тергеу барысында күдіктілердің қылмысты алдын ала жоспарлап, аңшылық қаруды пайдаланғаны анықталды. Тінту шаралары кезінде олардың бірінің үйінен аңшылық қару мен сойылған жылқы етінің бөлшектері табылып, заттай дәлел ретінде тәркіленді. Қазіргі таңда күдіктілер қамауға алынып, аталған іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде. Бұл қылмыстың тергелу барысы Алматы облысы полиция департаменті басшылығының ерекше бақылауына алынған.

Аталған оқиға ауыл тұрғындары арасында үлкен қоғамдық резонанс тудырды. Мал ұрлығы – жай ғана материалдық шығын емес. Ол – ауыл өмірінің тыныштығына, адамдар арасындағы сенімге, ғасырлар бойы қалыптасқан тіршілік салтына жасалған соққы. Себебі төрт түлік – ауыл адамы үшін күнкөріс көзі.

Жалпы, мал ұрлығы немесе барымта – әлеуметтік сипаттағы қылмыс. Онымен күрес тек құқық қорғау органдарының міндеті деп қарау – үлкен қателік. Бұл бағытта жергілікті биліктің, ауыл ақсақалдарының, қоғам белсенділерінің және тұрғындардың бірлескен іс-қимылы қажет. Өкінішке қарай, кей жағдайларда мал иелерінің өздерінің салғырттығы, малды есепке алмауы, бақылаусыз жайылымға жіберуі де қылмыстың орын алуына жол ашып отыр. Осыған байланысты профилактикалық және әкімшілік шаралар күшейтіліп, жүздеген азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылуда. Бұл – заң талаптарының қатаң сақталуы арқылы ғана тәртіп орнатуға болатынын көрсетеді.

Мал ұрлығының алдын алуда заманауи технологияларды енгізу, малды чиптеу, GPS-бақылау жүйелерін пайдалану, қоғамдық бақылауды күшейту, жайылымдарды жүйелеу секілді нақты тетіктердің маңызы зор. Ал ең бастысы – әр тұрғын өз мүлкіне жауапкершілікпен қарап, төрт түлігін бақылауда ұстаса, мал басына төнетін қауіп те едәуір азаяры сөзсіз.

Әйгерім ӘБУ
ATAMEKEN

Мерейтой

# ТУҒАН ЖЕРДІ ҚИЯЛЫМ АРАЛАСЫН,

Аспан мен жердің арасы сан-мың тіршілік, табиғаттың тұнған сыры мен жырына толы. Бірақ осыншама дүниедегі бар тіршілік тізгіні адамзаттың игілігінде, қолында екені даусыз. Бұл Раббымның пендесіне деген құрметі, баға жетпес сыйы. Сондықтан адам – мына дүниедегі ең ардақты есім. Оны әркім өз пайым-парасатымен түсінетіні тағы бар. Ал, кейбірі жасынан өмірімізде мәңгі қалатындай көркем мінезімен, қабілет, қарымымен келуге талпынады, мұны мүмкін ол сезіне де бермейтін шығар. Ол жүрген ортасын нұр шуаққа айналдырып, өзінен кейін ізгілікті із қалдырып жүреді, бірақ мұны сол сәтте түсінбейтін де шығар. Осылайша бірден төбеден түспейді. Адал дос, іні, аға, тіпті жай таныс болуы үшін ант та бермейді, керісінше бірте-бірте қарапайым қалпымен, ізгілігімен маңайыңнан орын алып, жақындайды. Сосын әу бастан оны білетіндей, жақын туысыңдай жүрегіңнен өз орнын алғанын да байқамайсың. Кейін оны жақсылығында есіңе бірінші аласың. Демек, мына дүрбелең дүниеде ерекше жаратылған адам бар екеніне сеніп, көңілің көркейеді.

Мұндай нағыз адамды бізден бұрын да пенделер іздеген. Мәселен, ашық күнде қолына шам алып ел аралаған адамнан «Аспанда күн жарқырап тұр, шам жағып жүргеніңіз қалай?» десе, ол «Жоқ. Сіз түсінбедіңіз. Мен мына топтың арасынан нағыз адамды іздеп жүрмін» деген екен. Жалпы мазмұны осыған келеді. Бұдан ұққанымыз, жақсы адам, нағыз адам өзгеше болғаны ғой...

Иә, әңгіменің әлқиссасын осылай бастауымның негізі адами қасиеттерімен ерекшеленген жандар жайлы әңгімелеу арқылы былайғы жұрт біле бермейтін азаматтың қасиеттерін ашу, доска, жалпы жұртқа жариялау. Кім деген, сауалға жауапты елімізге белгілі қайраткер, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ардагерлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасары, салиқалы, сөзі өтімді, ерекше тұлға Өмірзақ Озғанбаевтың генерал-лейтенант, жерлесіміз Әділ Шаяхметовтың 70 жасқа толған мерейінде өмір белестерін мұқият зерттеп, тебіреніспен айтқанымен нақтылайын.

– «Ер дәулеті – еңбек» демекші, елің үшін аянбай еңбек ету, халқыңа қызмет жасау әр адамның басты мұраты, ұстанымы әрі перзенттік парызы. Сол жолда аяздың ызғарына, желдің дауылына, жаңбырдың селіне қарамастан еселі еңбегімен еленіп, ел құрметіне бөленіп, абырой арқалап жүрген майталман азаматтар арамызда жүр. Олар заманның сынағымен шыңдалып, шарболаттай қайралып, Отаны мен елінің тағдыры жолында барын сарп етті. Сөйтіп туған жерінің өркендеуіне сүбелі үлес қосып, көк аспанның көгінде елдің туын биікке көтере білді, деген ғалым аға сөзін одан әрі жалғайды.

– Мен өз басым осы орайда Әділ Шаяхметовты ерекше тұлғалық қадір-қасиетімен парасат биігіне қол жеткізіп, дүйім бір елдің қамқоршы ел ағасына айналған, кемеліне жеткен, береке-бірліктің қамын ойлаған атпал азаматтың бірі емес, бірегейі деп қабылдаймын. Шынтуайтына келгенде, Әдекеңнің зор жетістіктері мен толағай табысын, адамгершілік қасиетін ұлағаттар жалғыз мен емес. Оның еліне сіңірген қажырлы еңбегін мұқым ел біледі.

Әділ ақиқатты бүркемелемей ашық айтар, өршілдік танытып, алмас сөзімен кесіп түсер қырларымен ғана ерекшеленіп қана қоймай, адамгершілік, кісілік, ұйымдастырушылық қабілеттерімен де дараланып жүрген арқа тұтар тұлға. Одан қалды жаратылысынан мейірбан, бауырмал, аққөңіл, жүріс-тұрысы да жігерлі, қайратты, табанды, көздеген мақсатына жетпей тынбайтын еңбекқорлық секілді екінің біріне жетіспей жататын асыл қасиеттері тағы бар.

Өмірдің заңдылығы ғой. Қонақжайлылық қашанда қазақы қалпымыз, тұрпатымыз. Одан асып ешқайда кете алмайтынымыз әлімсақтан белгілі. «Қонақ келсе үй тазарады» деп те жорамалдап жататынымыз да сондықтан болар. Осынау, қазақи дәстүріміздің арқасында Әдекеңмен талай жерде дәмдес болып, оның дастарқанының басында қауышып жататын кездеріміз де аз емес. Әсіресе, осыдан бірнеше жыл бұрын әдемі әннің қайырмасындай көңілге шуақ, жанға қуат сыйлап, жан-жағыңа арай шашқандай өткен оның алпыс жылдық мерейтойына қатысып, үлкен әсермен оралғаным әлі күнге дейін көз алдымда. Сол бір мерекелі күнде дастарханның сыйлы қонақтары жағырапиялық жағынан алғанда еліміздің түкпір-түкпірінен жиналғанымен той керемет сән-салтанатымен өте жарасымды өткені бар. Құдайы көршілеріміз саналатын Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей елдерінен, халықаралық мекемелерден ат терлетіп, ақжарма тілегін арқалай келген құрметті меймандар той көрігін одан сайын қыздырып, осынау мерекені түрлендіріп, әрлендіріп жібергені Әдекеңнің азаматтық тұлғасының асқақ екенін тағы бір аңғартқандай болып еді. Шартараптан жиналған қауымның шынайы жүрегінен төгілген ақпейіл тілектер ақмаңдай азаматымыздың беделін одан әрі өсіріп, көңілін марқайтып, мерейін тасытқанына дән ризамын деп ой түйді.

«Тойдан тобықтай» деген ғой. Қазақстанннның өнер майталмандары өнерлерін ортаға салып, Ташкенттің талшыбықтай мың бұралған биші қыздары мен Бішкектің күміс көмей әнші бикештері тойымыздың ажарын ашып, жұртшылықты марқайтып тастағанын қалайша ұмытарсың.

Иә, Әдекең сынды қыран азамат, берен тұлға еліміздің өркендеуі жолында талай игі істердің ұйытқысы болып, түйткілді мәселелерді шешуге белсене араласты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары аяғынан тәй-тәй басқан жас мемлекетіміздің тұғырын биіктету, бұғанасын қатайту, мәртебесін көтеру, айбарын асқақтату жолында ол білек сыбана кірісіп, бар күш-жігері мен қайратын аянып қалған жоқ. Ірі мемлекеттік шаруалардың басында жүріп, алдағы тұрған мәселелердің оңтайлы шешілуіне атсалысты. Ел тыныштығы басты мәселе десек, сол сүттей ұйыған елдің ұйқысын қашырмай, тыныштығын күзету жолында Әділ Шаяхметұлы



Әлемнің «Алтын қалам» суретшісі атағының, «Отан», «Құрмет» ордендерінің иегері Амандос Ақанаевтың салған портреті.

елімізідің Ұлттық қауіпсіздік комитетін басқарып, қырағы күзетте тұрды.

«Ұлттық қауіпсіздік жоқ жерде мемлекет те жоқ» деген сөз бекерден-бекер айтылмаған. Қазір ауызға айтуға оңай болғанымен тәуелсіздіктің алғашқы таңдарында мемлекет қауіпсіздігін сақтау жеңілге соққан жоқ. Елдігімізді сақтап, бірлігімізді нығайтып, алыс-жақын мемлекеттермен байланыс орнату секілді қыруар шаруамен қатар ұлттық қауіпсіздік мәселесі де жас мемлекеттің алдында тұрған басты белестердің бірі еді. Осы орайда, егемендігін енді алған елдің ұлттық қауіпсіздік мәселесін қамтамасыз етуде Әділ мырза ұзақ жылдар бойы кәсіби тәжірибе мен интеллектуалдық және техникалық әлеуетті арттыруға қомақты өз үлесін қосты. Сөйтіп, мемлекетті, ел азаматтарын, қоғамды кез келген сыртқы қауіптен және ішкі қатерлерден қорғауға кепілдік беретін ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүлдем жаңа жүйесін құрудың негізін қалауға мұрындық болды. Бұл оның Отан алдындағы ұшан-теңіз перзенттік парызының бір парасы дер едім.

Ол қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің аумағындағы өтіп жатқан мәнді де жауапты жұмыстарға да үнемі қатысып келеді. Еліміздің барлық аймақтарында болып, жас әріптестерімен,




*Шаяхмет әкенің 100 жылдық мерейлі жасына арнайы қазақ күресінен өткен "Түйе палуаны" халықаралық турнирі. Жеңімпаз Ұлан Рысқұл. Алматы қаласы. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ-нің спорт сарайы. 2014 жыл.*

қорғаныс саласындағы, шекаралардағы жасақтармен тынымсыз кездесіп, ақыл-кеңестерін айтып жүр.

Егер перзенттік парызды тереңдете айтар болсақ, оның аясы кеңейе түсері анық. Өйткені ет пен сүйектен жаратылған адам баласының перзенттік парызы тек Отан алдындағы борышпен шектеліп қалмайды. Мәселен, ата-ана алдындағы перзенттік парыз деген бар. Бұл жағынан да Әділ бауырымыз елге үлгі болатындай игілікті істер атқарып, шет қалып жатқан жоқ.

Ат үйірін сағынса,
Артқы аяғын қағынар.
Ер үйірін сағынса,
Ер-тұрманын тағынар, –

дегендей, нағыз азаматқа тән мінезіне сай ол осынау нар көтере алмас парыз жүгін арқалап, адамдардың көңіл-күйіне ықпал етіп, ішкі жан-дүниесін оятып, ой-толғамын жетілдіріп, биік саналылыққа тәрбиелеп қана қоймай, ұлттық құндылықты дәріптеп келеді десек артық айтқандық болмас.

Мәселен, дүниеге он бала әкеліп, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсірген ата-анасының есімдерін ұлықтау жолында игілікті істерді қолға алып, халыққа паш етумен келеді. «Анаға тағзым», «Анаға құрмет», «Әкені еске алу» сияқты имандылық шараларды Әдекең әрдайым өткізеді. Бұл да оның перзенттік адалдығының бір нышаны емес пе?

Әділ Шаяхметұлы қай өңірде жұмыс жасаса да, қандай қызмет істемесе де ел азаматтарымен тіл табысып, тонның ішкі бауындай араласып кетеді.

Қарағанды облысының Ағадыр, Шет аудандарында жұмыс жасаған кездерінде Марс Еренбекұлы Төлеуқұлов ағасымен танысып, бірге туған туыстай болып кетті. Биыл сол Марс ағасы 90 жасқа толғанда тойын өткізуде туған інісіндей қамқорлық жасап, зор белсенділік көрсетті. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне Марс Еренбекұлына арнайы жазған мақаласын жариялады.

Әдекеңнің басқа да әріптес ағаларын құрметтеп, мерейтойларының өтуіне атсалысқанын көріп келемін. 2017 жылы ол армия генералы С.Қ.Нұрмағанбетов қола бюстын жасатып, Мәскеудегі «Тағзым тауы» мұражайына апарып қойғызды. Бұл оқиғаның теңдесі жоқ, көпшілікке, жастарға үлгі болып қалды.

Генерал-лейтенант Әділ Шаяхметовтің азаматтық істерімен танысқан сайын менің ойыма халқымыздың «Ақ сұңқар тапқанын төңірегіне шашып жейді, қара қарға тапқанын баурына басып жейді» дейтін жұрт аузындағы ұлағатты пікір оралады. Өзі жоқтың, көзі жоқтың сөзін сөйлеп, ұстаздарының, ардагерлердің, бабаларының мұраларын жинап, олар туралы мақалалар жазып, тойларын өткізіп, өзінің қаржылық қолдауымен 21 кітап шығарып, 7 деректі фильмдер түсірді. Өзі де 10 кітаптың авторы.

«Қарапайымдылық – жасыл алқап» деген екен данышпан Лев Толстой. Сол айтпақшы Әдекең қарапайымдылық жағынан да алдына жан салмайды. «Болдым, толдым, көйлегім көк» деп астамсынғанын көрген емеспін. Үнемі айналасымен тең дәрежеде емен-жарқын араласып жүреді. Зейнеткерлік демалысқа шықса да бір кездері қызметтес болған әріптестерімен, ажарлы дос, базарлы жолдастарымен де сыйластық қатынасын үзген емес. Әділ Шаяхметұлының жинаған мол тәжірибесі сұраныссыз қалған жоқ.

Орайы келгенде тілге тиек ете кетейін, Әділ Шаяхметұлының тағы бір сүйсінерлік қасиеті – өзі білім алған оқу ордасын, парталастарын, қолына қалам ұстатқан ұстаздарын да назардан тыс қалдырмайды.

Мектептегі ұлағатты ұстазы Орынша Карабалина-Қазыбаеваға, ұлттық қауіпсіздік саласының ардагерлеріне көрсетіп жүрген зор құрметтерін, жасаған ерекше сый-сияпаттарын көріп жүрмін.

Бірде Ахмед Руфаъи деген ғұлама шәкірттеріне: «Араларыңда кімде-кім менің бойымнан мін байқаса, оны маған білдірсін», – деді. Шәкірттерінің бірі: «Ұстаз, сізде үлкен бір айып бар», – дейді жұлып алғандай. Сонда ғұлама: «Айта ғой, балам, қандай кемшілігім бар?», – деді. Шәкірт жанарына жас алып тұрып: «Біз секілді адамдарды шәкірт етуіңіз», – деген екен. Сол айтқандай, тәлім берген ұстаздарын құрметтеуі Әділ Шаяхметұлының «Ұлық болсаң, кішік бол» деген адами қағидамен өмір сүріп жатқандығын аңғартса керек. Олай болса, «өмірде жолың ақ болсын, абзал азамат» дегім келеді, – деп түйіндейді.

Әрине, мұндай құрметке лайық болған соң ғана көкейге көрікті сөз келеді, төгіледі. Әділініміз үнемі ел ішінде және көпшілік шаралардың бел ортасында жүреді. Өткен жылы Медетбек батырдың туғанына 200 жыл толуына арналған «Ұлт-азаттық күрес және Медетбек батыр» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің бас ғимаратында ұйымдастырылды. Шараға ғалымдар, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, мәдениет қызметкерлері және студенттер ерекше ынтамен қатысып, баһадүр батырдың тағылымды өмірінен мол мағлұмат алғаны бар.

Конференцияны әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Мәуленов жүргізді. Ортаға шығып баяндама жасағандар қатары көп болды. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғылыми істер жөніндегі проректоры, философия докторы Ертай Сұлтан осы оқу орнының басқарма төрағасы-ректоры Болат Тілеп сөйлесе, облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевтің ізгі тілегін «Аманат» партиясы облыстық филиалының төрағасы Ерлан Жақыпов жеткізді.

Мемлекет және қоғам қайраткері, Халық қаһарманы, генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев ел жадында мәңгілік сақталып қалған есіл ердің батырлығына айырықша баға беріп, бұл шараның маңызы ерекше екенін айтты. Және өзінің шәкірті, генерал-лейтенант Әділ інісінің бостандығымыз үшін түн қатып, түсі қашқан батыр бабаларының рухын, ерлігін жаңғыртудағы бастамаларын баршаға үлгі етіп келеді.

Батырдың ерлік істері мен қайраткерлігі жайында кең көлемде баяндама жасаған ғалымдар ұрпаққа қалдырған өнегесін сан қырынан ашып көрсетті. Бұл орайда ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰПУ тарих және құқық факультетінің деканы Ғабит Кенжебаев «Ұлттық тұлға тұғырындағы Медетбек батыр», академик-ғалым Қансейіт Әбдезұлы «Қазақтың азаттық жолындағы күресі және Медетбек батыр» тақырыптарындағы баяндамалары өткеннен сыр шертті. Сонымен қатар «Сүйінбай Аронұлы поэзиясындағы ұлт-азаттық идеялар» тақырыбында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Жамбыл атындағы филологиялық зерттеулер ғылыми орталығының бас ғылыми қызметкері Қайрат Жаңабай, «Медетбек батырдың парасаттылығы туралы» тақырыбында өлкетанушы, шежіреші, тарихшы, жерлесіміз Асқар Селеубаев өз зерттеулерін ортаға салды. Былай қарағанда бұл оңай шаруа болып көрінуі мүмкін. Бірақ, Әділ ғалымдармен, тарихшылармен бірге Медетбек батыр бабасы жайлы көп ізденеді. Соның нәтижесінде Медетбек батырдың өмірі мен қызметіне қатысты нақты тарихи деректер аз болғанымен, батырлығы мен ел қорғаудағы ерлік істері халық жадында жақсы сақталған. Міне осындай жақсылық нәтижесінде есімі ел ішінде құрметпен аталып, өскелең ұрпаққа үлгі болып келеді. Баяндамашылар ол өмір сүрген кезеңдегі тарихи жағдайларды сараптай отырып, батырдың алар орнын айшықтай түсті. Ерлігі ел аузында жүрген Сұраншы, Саурық, Өтеген, Медетбек сияқты ерлер Қоқан хандығының езгісіне қарсы күресте аты шыққан батырлар, және олар осы елдің топырағында өмірге келген тұлғалар.

Азаттық жолындағы күрес даңқты батырларды туғызды десек, соның бірі – Медетбек батыр Есебайұлы. Жастайынан атқа қонып, бес қаруын асынып, соғыс өнерімен ерте машықтанған Медетбек 20 жасқа толар-толмастан басқыншыларға қарсы халық көтерілісіне қатысады. Жетісу жеріндегі жағдай 1845 жылға қарай ушыға түскен болатын. Солтүстіктен қаптаған Ресей империясының басқыншылары да қазақ даласына дендей еніп, үстемдігін жүргізе бастайды. Олар салған бекіністердің саны күннен-күнге артып келе жатты. Әр бекіністе ұңғысы үңірейген шойын зеңбіректер, мылтығын шошайтқан мыңдаған әскер қарсы шыққанда құрбандыққа шалуға дайын тұрды. Екінші жақтан Қоқан хандығы да аш бөрідей жағадан алып, халықты қан қақсатты. Мұның бәрі Алатау баурайын мекендеген халыққа да оңай тиген жоқ. Сол заманда тарихта аты қалған Сұраншы, Саурық, Байтұра, Бекболат, Шымырбай, Сүттібай, Байсейіт, Медетбек сияқты батырлар мен Нарбота би, Андас датқа, Сарыбай би сияқты көрнекті тұлғалар халықты жатжерлік басқыншыларға қарсы күреске жұдырықтай жұмылдыра білді. Қасиетті атақонысты сақтап қалуға өлшеусіз үлес қосқан баһадүрлерге қандай құрмет көрсетсек те жетпейді деп ойлаймын.

Қазақ елі мен жерін тұтасымен уысында ұстап тұруға бұрыннан құмбыл Ресей патшалығы бұл өлкеге Қоқан хандығының иелік етуін қаламайтыны белгілі еді. Сондықтан 1860 жылдың күзінде Қоқан хандығының Қанағатша бек бастаған жасағына қарсы орыс армиясының генералы Г.Колпаковский 800 әскерімен соғыс ашты. Орыс қолына Сұраншы, Байсейіт, Медетбек батырлар бастаған қазақ сарбаздары қосылып, Ұзынағаш маңында Қоқан әскерін тас-талқан етіп жеңді. Бұл соғыс тарихта «Ұзынағаш шайқасы» деген атпен қалды.

Бұл жай жиын болмады. Конференцияда батыр жайлы тарихи дерек пен дәйек кеңінен сөз болды. Және ел шебін қорғауда ерлік көрсеткен батырдың есімін мәңгі есте қалдыру шарасының бірі ретінде Жамбыл ауданындағы «Қарғалы» шекара бөлімшесі Медетбек батырдың атымен аталса деген ұсыныс айтылды. Сонда оның отаншылдығы, ел мен жерді сүюі сарбаздарға үлгі болатыны анық.

Әділ інім жалпы тарихқа, әдебиетке, өнерге деген ниетінен шығар үнемі осы ортаның төрінде жүретіні. Соның бір дәлелі батырдың 200 жылдығына арналған «Еліне қорған болған ер Медетбек» тақырыбында республикалық ақындар мүшәйрасы жарияланды. Жаңа жыл қарсаңында әділқазылар алқасы еліміздегі жүзден аса ақынның арасынан жүлдені оннан астам ақынға қомақты ақшалай сыйлық берді. Жиын соңында батырдың өмірі мен қызметін зерттеген ғалым, қаламгерлер «Медетбек батырдың 200 жылдығы» төсбелгісімен марапатталды. Сол күні батыр аруағына арнап ас берілді.

Бір қарағанда азаматтың дәл бүгінгі ел құрметіне бөленуі үшін қаншама ұйқысыз түн, қарбалас, жауапты, сын сағаттарды жүрегінен өткізеді, бір терінің ішінде талай терлеп, тепшіді екен... Ол үшін Әділ інімнің өмірдерегіне үңілген жөн болар.

Иә, елім, жерім дегенде жүрегі даладай кең, мінезі тік, бірақ, жүрегі нәзік азаматтың батыр тұлғасынан ерекше сенім күші басым. Сондықтан шығар өз дара жолын таңдап, одан күні бүгінге дейін айнымай жүргені.

Ақынның:

– Құм суырып тулаған тереңіне,
Балта ұрмадым өзгенің терегіне.
Отаным мен отбасым аман болса,
Одан өзге бақыттың керегі не?! деген өлең жолдары ойыма келді, және бұл Әділге арналғандай.

Тағы бір арқалы азаматтың пікірін оқырман назарын ұсынайын. Запастағы подполковник, техника ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, ҚР ҰҚК Академиясының профессоры Жарқын Алтынов ойын ортаға салды.

– Генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов ауданымыздың Саурық батыр ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Ғайнанов Шаяхмет соғыс және еңбек ардагері, шешесі Ғайнанова Сонымбүбі Құданалықызы ел анасы атанған он баланы өмірге әкелген батыр ана. Әділ 1973 жылы Алматы қаласындағы Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытатын орта мектепті бітіріп, В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының тау-кен факультетіне оқуға түсіп, оны 1978 жылы бітіріп, еңбек жолын Жезқазған қаласында республикалық мамандандырылған «Қазақжарылыспром» трестінің Жезқазған облыстық арнайы басқармасының тау-кен шебері болып бастаған.

Жас маман жаңадан құрылған облыстың, Жезқазған және басқа қалаларының құрылыстарына қатысып, Қарағанды-Жезқазған, Атасу-Қаражал, Жарық-Ақтоғай тас жолдарын, Жайрем-Қаражал су құбырын, облыстық ретрансляторлардың мекемелерін, мұнараларын салуға атсалысады, еңбектің ащы дәмін жырақта жүріп татады.

Әділ Шаяхметов 1981 жылы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне қызметке ауысып, Минск қаласында орналасқан Кеңестер Одағының Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің жоғары курсына оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіреді. Аға лейтенант Әділ Шаяхметов 1982 жылы Қазақ Кеңестік социалистік республикасы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Жезқазған облысы бойынша басқармасына қызметке тұрып, кейін Қаражал қалалық бөлімшесіне жедел уәкіл қызметіне тағайындалып, Жайрем қалашығына жұмысқа жіберілді. Сол кездерде Жайрем кен-байыту комбинаты үлкен қарқынмен дамып жатқан өндіріс орны екен. 1988–1994 жылдары сол облыстағы Ағадыр аудандық бөлімшесі бастығының орынбасары, бөлімше бастығы қызметтерін атқарды. Өңірде орналасқан Қайрақты, Көктенкөл, Ақшатау тау-кен комбинаттары еліміздің экономикасы үшін ерекше орындары бар өндіріс мекемелері еді. Партия, атқарушы органдардың, мемлекеттік мекемелерінің, аталған тау-кен комбинаттары мен құқық қорғау салалаларының басшыларымен Әділ Шаяхметов қызмет бабы бойынша іскерлік қарым-қатынастар орнатып, қауіпсіздікті қаматамасыз ету бағыттарды дұрыс ағымда ұстайды деп осы саладағы еңбегін көрсетті.

– Қызметтегі жетістіктері үшін майор Шаяхметов Әділ Шаяхметұлына 1990 жылы КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Төрағасы армия генералы В.Крючковтың бұйрығымен алғыс жарияланды. Кеңестік кезеңде мұндай марапат өте сирек берілетіндіктен, оның дәрежесі өте жоғары екені даусыз.

Еліміздің тәуелсіздігі айқындалған кезеңде Әділ Шаяхметов ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (ҰҚК) Әскери қарсы барлау басқармасына жауапты

Еліміздің шекара аймақтарында болып, ондағы инфрақұрылымдардың дамуына, техникалық жағынан жаңғыртылуына ықпал етті. Әскери госпиталь, орталық емхана, әскери академия, облыстардағы департаменттердің ғимараттарын күрделі жөндеулерден өткізу мақсатында өзінің шұғыл шешімдерін қабылдады. Және тікелей бұйрығымен ҚР ҰҚК Әскери госпиталінің жаңа емдеу корпусы салынды, госпитальдің ғимараттарына күрделі жөндеу құрылыс жұмыстары өтті. Мұндай тарихи шешімге ардагерлер алғыстарын жаудырды. Әскери емхана күрделі жөндеуден өтті. Санадағы қалт еткен, орайын күткен мәселелерге ерекше назар аударды, бұл жайлы білетіндер тамылжыта әлі де атып жүр, деп еске алды әріптесі.

– Қай қызметте болсын Әділ ерекше талапшыл іскерлігімен көзге түсті. Кейін ҚР ҰҚК Академиясын басқарды, ҚР ҰҚК төрағасының аға кеңесшісі болды. «Динамо» спорт қоғамының президиум мүшесі болып сайланды. Академиядан ол басқарған жылдары тәртіп пен талап жаңа қырынан танылды. 2016-2020 жылдары ҚР Президентінің келісімімен Шаяхметов Әділ Шаяхметұлы Орталық Азиядағы аймақтық заңсыз есірткі айналымымен күресті ұйымдастыратын орталық (ЦАРИКЦ) директорының орынбасары қызметін атқарды. 40 жыл республиканың 5 облыстарында арнайы, әскери қызметтерде болып, 2020 жылы Құрметті зейнетке шықты.

Ұлтжанды азамат еліміздегі спорт, мәдениет, өнер және медицина салаларындағы маңызды іс-шаралардың ортасынан табылып жүр. 2008 жылы ол Пекин олимпиадасында болып, қазақстандық спортшыларға қамқорлық көрсетті, соңынан оларды марапаттау рәсімдеріне атсалысқаны да бар. Әділ Шаяхметұлының ұйымдастыруымен 2011 жылы мемлекет және қоғам қайраткері генерал-майор Әубәкір Арыстанбековтің 100 жылдық мерейтойына байланысты қоян-қолтық жекпе-жектен тұңғыш республикалық турнир өткізілді. Бұл турнир қазіргі кезде жыл сайын тұрақты өткізіліп, халықаралық дәрежеге көтерілді.

отбасыларындағы түрлі оқиғаларға да ерекше көңіл бөліп, ел жадында қаларлық игі іс-әрекеттер жасап жүрген азамат 2017 жылы ҚР «Генералдар кеңесінің» басшылығының өтініштері бойынша Әділ Шаяхметұлының өз отбасының қаражатына №1 Халық қаһарманы, Кеңестер Одағының батыры, армия генералы Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетовтың қоладан құйған мүсіні сомдалып, Ресейдің Москва қаласындағы «Тағзым тауы» биігінде орналасқан әскери мұражайына апарып орнатылды. Оған Ресей, Қазақстан азаматтары, жалпы жұртшылық риза болып, жасалған мүсінге өте жоғары баға берді.

Алдыңғы буын басқа да әріптес ағалардың мерей тойларына атсалысып, олардың отбастарындағы қуаныштарында болып, қайғыларына қатысып, өзінің қол ұшын созып жүр. Республикалық газеттерде осыған байланысты ардагер ағалары генерал-полковник С.Б.Тоқпақбаев, генерал-лейтенант Ж.М.Жұманбеков, генерал-майор Ш.Жұмағұлов, полковник Т.С.Темешев, генерал-майор Қ.К.Бекжанов, т.б. туралы арнайы мақалалар жазып, көпшілік қауымға баян етіп жүргені барша оқырманға белгілі.

Генерал-майор Т.Н.Нұрахметов 70 жылдық мерейтойын өткізу үшін Әділ Шаяхметов конференция ұйымдастырып, халық қалаулысы болған Тоқтархан ағаның ақ батасын алғаны әріптестердің есінде. «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінде ардагер туралы мақалалар жарияланды.

Мектеп қабырғасында тәрбиешісі болған Шәрбану Әнәпиеваның 90 жылдық, ұлағатты ұстазы Орынша Карабалинаның 80, 85 жылдық қуаныштарының ортасында болып, оларға өзінің жүрекжарды құттықтауларын жолдап, сый-сыяпаттарын аямай көрсеткен еді. Сонымен қатар Шәрбану тәрбиешісінің 90-нан асқан кезінде жанынан табылып, ұстазына өз қамқорлықтарын аямай көрсетті.

Нағашы жұрты қырғызстандық азаматтармен Әділ Шаяхметұлы тығыз қарым-қатынас орнатқан жан. Шешесінің туған ауылы Кіші-Кеміндегі

медальдары бар) марапатталған. Ол отыздан арта кеуде белгілерінің иегері. Еліміздің қауіпсіздік саласына қосқан зор үлесі үшін Шаяхметов Әділ ҚР Президентінің үш алғыс хатымен, Құрмет грамотасымен, ҚР Парламенті Сенат Төрағасының грамотасымен марапатталған. Ол сондай-ақ, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», ҚР мәдениет және спорт министрлігінің «ҚР Құрметті спорт қызметкері», ҚР ҰҚК «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үздігі» төс белгілерінің иегері.

Мемлекет және қоғам қайраткері Әділ Шаяхметов саяси ғылымдардың кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ және Қ.И.Сәтпаев атындағы ҚазҰТЗУ құрметті профессоры, ҚР Сәулет Академиясының құрметті академигі, Ресейдің Петров Ғылым және өнер академиясының толық мүшесі.

Ел құрметіне бөленген Әділ Шаяхметов Алматы облысының, Павлодар қаласының, Қарағанды облысы Қаражал қаласы мен Шет ауданының, Алматы облысы Жамбыл, Панфилов және Ұйғыр аудандарының құрметті азаматы. 2021 жылы ол Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы және Қырғыз Республикасы Шу облысы, Кемін ауданының Құрметті азаматы атанды.

Ардақты азамат отбасының жанашыр әкесі, өсіп жатқан немерелердің сүйікті атасы. Өмірлік жары Айсұлу екеуі әулетіндегі бауырларына, олардың балаларын оқытып, зор көмек көрсетіп, барлық жағдайларын жасады. Көбіне үй-жайлы болуға, оқуға түсіріп, қалыптасуына көмектесіп келеді. Жерлестеріне, әріптестеріне қамқоршы болып, жалпы көпшілік халықтың ризашылығына бөленіп жүрген азамат десек артық емес.

Үнемі алғы шепте жүруді дағдыға айналдырған азаматқа деген құрмет жетіп артылады. Алматыдағы Абай атындағы қазақ тілі мен әдебиетін терең оқытатын мектептің 2019 жылы әскери бастауыш дайындық кабинетіне Әділ Шаяхметов есімі берілген. Мектеп ұжымы, ардагер ұстаздар, оқушылар Әділ Шаяхметовке арнап «Ұлы дала қыраны» кітабын жазып, сыйға тартты.

# ОЙ-САНАМ ӨМІРІН АЗАМАТТЫҢ САРАЛАСЫН...

жұмысқа ауысып, Қазақстан-Қытай шекарасында үлкен абыроймен жауапты әскери қызметтер атқарады. 1996 жылы ол ҚР ҰҚК Орталық аппаратының әскери қарсы барлау басқармасы бастығының кадр жөніндегі орынбасары болып тағайындалды, кейіннен басқарманың бастығы болды. Одан соң оперативті-техникалық департамент бастығының бірінші орынбасары болып қызмет істеді.

Қауіпсіздік саласында басшылық қызметтерде өзін жан-жақты көрсеткен полковник Шаяхметов Ә.Ш. 1999 жылы ҚР Қорғаныс Министрлігіне (ҚР ҚМ) жұмысқа ауысып, Елбасының келісімімен ҚР ҚМ кадр және жоғары әскери білім департаментінің бастығы лауазымына тағайындалды. ҚР ҚМ әскери кеңесінің алқа мүшесі болып сайланды. Кейіннен ҚР ҚМ Бас әскери инспекциясының генерал-инспекторы болды. Сол кезеңде Шаяхметов Ә.Ш. ҚР Қарулы Күштерінің қайта құрылуы мен жаңа тұрғыда қалыптасуына ерекше үлес қосты. ҚР Қорғаныс министрінің алғысымен, грамотасымен марапатталды. 2000–2001 жылдары ол екі рет ҚР Президент әкімшілігіне генерал-майор әскери атағын беруге ұсынылды.

2002 жылы Шаяхметов Әділ ҚР ҰҚК Павлодар облысы бойынша департаментінің бастығы болып тағайындалды, оған 2004 жылы ҚР Президентінің қаулысымен генерал-майор әскери атағы берілді, қауіпсіздік органдарының құрметті қызметкері кеуде белгісі тапсырылды. 2006–2007 жылдары генерал-майор Ә.Ш.Шаяхметов ҚР ҰҚК Алматы облысы департаментінің бастығы қызметін абыроймен атқарды. Аталған облыстардағы департаменттерді Шаяхметов Әділ басқарған кездерде өңірлерде қауіпсіздік саласында заңға қайшы келетін іс-әрекеттерге жол берілмеді. Оның басшылық қызметтерде істеген еңбектері ҚР ҰҚК төрағасының, облыс әкімдерінің, мәслихат хатшыларының алғыстарымен, құрмет грамоталарымен аталып өтті.

2007 жылы ҚР Президентінің шешімімен Әділ Шаяхметұлы ҚР ҰҚК Төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды, қызметіне байланысты ол Республикалық терроризмге қарсы күрес орталығының басшысы болып бекітілді. Министрліктермен, ведомство, облыс басшыларымен бірлесіп терроризмге, экстремизмге қарсы іс-шараларды, осыған байланысты еліміздің көптеген өңірлерінде оку-жаттығуларын ұйымдастырды. ҚР ҰҚК «Барлау» қызметінің жұмысына жетекшілік жасап, жаңа заң жобасының қабылдануына ықпал етіп, жауапты болды, осы саладағы ТМД, басқа да шет елдерде өткен жиындарға қатысып отырды. Әділ Шаяхметов қызмет бабына байланысты және «Арыстан» арнайы қызметіне кәсіби тұрғыдан жетекшілік жасап, олардың жұмыстарын орынды бақылауда ұстап, дұрыс бағыт беріп, нақты қолдау танытты.

2008 жылы Әділ Шаяхметов ұйымдастыруымен бұрынғы ҚазКСР МҚК төрағасы болған генерал-майор Ә.Ә.Арыстанбеков 100 жылдық мерейтойы салтанатты түрде аталып өткенінің өзі оның ерекше қолдауы болды.

ҚР Президентінің Жарлығымен генерал-майор Шаяхметов Әділ Шаяхметұлына 2009 жылы генерал-лейтенант әскери атағы беріледі. Бұл да қажырлы еңбектің, өз ісіне деген адалдықтың биік шыңы. Және жоғарыда атап көрсетілген әскери саладағы жанкештіліктің қорытындысы екенін де ерекше атап айтуға болады.

Генерал-лейтенант Ә.Ш.Шаяхметов ҚР Президентінің жарлығымен сол жылы ҚР ҰҚК Төрағасы қызметіне тағайындалады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне ол қатты көңіл бөліп, алыс-жақын шетелдік қауіпсіздік ведомстволарының басшыларымен қалыптасқан қарым-қатынастарды әрі қарай нығайта түседі. ҚР Қауіпсіздік Кеңесінің мүшесі, ТМД елдерінің арнайы қызмет органдарының Кеңес мүшесі болды.

Отан – отбасынан басталады деген. Ол әкесі мен анасының рухына тағзым ету жайын да ұмытпайды. 2010 жылдан бері әкесі Шаяхмет Ғайнановтың құрметіне арналып бокстан жасөспірімдер арасында өтіп келе жатқан халықаралық турнирдің ұйытқысы болып жүр. Әділ Шаяхметовтің тікелей басқаруымен 2014 жылы Алматы қаласында Шаяхмет Ғайнановтың 100 жылдық мерейтойына байланысты қазақ күресінен түйе палуандарының катысуымен жоғарғы

мектепке, ауыл, аудан тұрғындарына өз қамқорлығын көрсетіп жүр. Ол өзінің туыстарымен бірігіп ауыл стадионын жасап, жергілікті тұрғындар оны нағашы атасы Құданалы Байтүлеұлының атымен атап, сол кісінің құрметіне футболдан танымал турнир өткізген. Кемін ауданының әкімшілігі, нағашылары ризашылықтарын білдіріп, Әділ Шаяхметұлының атымен мектептің бір кабинетін атап, оған «Кемін ауданының құрметті азаматы» атағын берді.



*Шаяхмет әкенің бауырларын қонаққа шақырып, дастархан төрінде күткенде. Саурық батыр ауылы. 2014 жыл*

деңгейде халықаралық турнир өтті. Оған әлемге аттары әйгілі 42 балуан қатысты. Олардың арасында 15 әлем чемпиондары, халықаралық дәрежедегі спорт шеберлері, «Қазақстан барысының» 2011, 2012, 2013 жылдарғы жеңімпаздары, Монғолия, Қырғызстанның атақты түйе балуандары да қатысып, бұл шараның деңгейін көтерді.

Мемлекет және қоғам қайраткері өзі оқыған, жүрген жеріндегі бастамалардың ұйытқысы. Әділ Шаяхметовтің қолдауымен 2012 жылы Алматыда өзі оқыған Абай атындағы қазақ орта мектебінің ауласында Абайдың еңселі ескерткіші қойылды. Тағы да оның ұйғаруымен және тікелей жетекшілігімен ҚР ҰҚК Павлодар облысы департаментінің, 2007 жылы Жезқазған қалалық басқармасының ұлттық қауіпсіздік саласының аймақтық мұражайлары ашылды.

«Туған жерге туыңды тік» деген тәмсілді де жүрегіне жазған жерлесіміз баһадүр батыр бабаларының тарихын, елге сіңірген қайраткерлігін насихаттауда да алдына жан салмайтын азамат. Оған дәлел Жоңғар шапқыншылығы кезеңінде, Абылай ханның заманында даңқты батыр, әрі би болған Құдайберді бабасының басына Оңтүстік Қазақстан облысында құлпытас қойғызып, тарихи кітап жазғызды. 2013 жылы республикалық жазушылар үйінде бабасының 300 жылдық мерейтойына байланысты конференцияның өтуін ұйымдастырған еді.

Қоқан хандығының шабуылына қарсы күресте ерлік көрсеткен бабасы Медетбек батырдың Таутүргенде кесенесінің, Жамбыл ауданында ескерткішінің салынуына да өзі ұйытқы болды. Ол Түрген өзенінің бойынан ауыл тұрғындары және жолаушылар өтетін көпір салғызып берді. Бір қарағанда ол мына өмірдегі азамат атқаратын үш міндеттің үдесінен шықты деуге болады.

Халқымызда «Жақсы адам жан жадыратады» деген нақыл сөз бар. Әділ Шаяхметұлы ардагерлер мен ұстаздарын әрдайым құрметтеп, олардың

Әділ Шаяхметұлы аяулы анасын – Сонымбүбі Құданалықызын еске алу мақсатында Жамбыл ауданындағы мәдениет үйінде «Анаға тағзым» атты кеш өткізді. Осыған орай сол жобамен арнайы кітап шығарылды. Кешке көптеген зиялы қауым, ел ағалары мен ардақты аналар, қырғыз ағайындар, ұстаздар, оқушылар, ананы аңсап, сағынып жүрген ұрапақтары, ел азаматтары қатысты. Ұйымдастырылған шара өте жоғары деңгейде, көпшілік қауымның айтуынша республика көлемінде өтті. Мерекелік еске алу кешіне қазақтың әйгілі халық әртістері Нұрғали Нүсіпжанов, Роза Рымбаева, Талғат Күзембаев, Болат Букенов, Қырғызстанның еңбек сіңірген әртістері Қаныкей Раймалиева, Айбек Зараллаевтар қатысып, ақ тілектерін айтып, көпшілік халықтың көңілдерінен шығып, өздерінің әсем әндерін шашу етті. Кештің мазмұнынан Әділ Шаяхметұлының анасына деген шексіз сүйіспеншілігі ерекше байқалғандай болды.

Осындай алдыңғы буын ағалар мен ақ жаулықты аналарға көрсеткен құрметтері мен ілтипаты үшін Әділ Шаяхметұлына Қазақстан Республикасы Ардагерлер кеңесінің, ҚР «Генералдар кеңесінің», ҚР ҰҚК Ардагерлер кеңесінің, Алматы, Павлодар облыстарының ардагерлер кеңесінің көптеген алғыс хаттары тапсырылған. 2011 жылы Әділ Шаяхметовке арғын Аралбай батыр Әлібекұлы атындағы алтын «Сұңқар» сыйлығы берілді. 2016 жылы ҚР «Динамо» спорт қоғамы президиумының шешімімен спорт өміріндегі сіңірген еңбектері үшін Әділ Шаяхметовке «Алтын» төс белгісі табыс етілгенін біреу білсе, біреу білмейді.

Генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов алты орденмен, оның ішінде I және II дәрежелі Даңқ, 7 мерекелік медальдармен марапатталған. Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитетінің «Алтын орденімен», Ресейдің Ю.В.Андропов атындағы орденімен, жетпістен астам медальдармен (олардың ішінде көптеген мерейтойлық және басқа да шетелдік, халықаралық ұйымдардың

Бұл мағынасы терең іс-шара Әділдің мектебіне деген сүйіспеншілігі, ұстаздарына көрсеткен мейірімділігінің нәтижесі екені даусыз.

Әділ Шаяхметұлы өзі оқыған Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде құрылған «Политех Сатпаева» Эндаумент фондының құрылтайшысы болып сайланған. Ол университет басшылығымен, оның бұрынғы ректорларымен, ұстаздарымен тұрақты түрде іскерлік қарым-қатынас орнатқан жан. 2024 жылдың 13 желтоқсанында Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті ректорының бұйрығымен генерал-лейтенант Ә.Ш.Шаяхметов осы университеттің Ректорлар Кеңесінің құрметті мүшесі болып сайланды. Сонымен қатар Университеттің №261 аудиториясында орналасқан Ғарыштық байланыс зертханасына (Лаборатория космической связи) Шаяхметов Әділ Шаяхметұлының есімі берілді. Жаңа ашылған Ғарыштық байланыс зертханасына Ә.Ш.Шаяхметовтың есімін беру – тарихи, кәсіби және институционалдық тұрғыдан толық негізделген шешім. Оның өмір жолы, мемлекеттік қызметі және ұлттық қауіпсіздік пен техникалық мәдениетті дамытуға қосқан үлесі мұндай құрметке толық сәйкес келеді.

Осы оқу орнында алған терең инженерлік білімі оның кәсіби қалыптасуының негізгі іргетасын қалады. Ол – университеттің техникалық элитасын қалыптастырған буынның көрнекті өкілі және Сәтбаев мектебінің ең атаулы түлектерінің бірі. Бұл – студенттер мен жас инженерлер үшін үлкен өнеге. Олардың алдында техникалық білімді мемлекет мүддесіне тиімді қолдана білген тұлғаның өмірлік үлгісі тұрады, дейді ғалым әріптесі батыр тұлғаның өмірлік ұстанымынан ұрпаққа қажеттіліктерді тізіп шықты.

Спорт дегенде ішкен асын жерге қоятын Әділ Шаяхметұлы Академияда спорт саласын да жоғары деңгейге шығарды. Ондағы іс-шаралардың қасында ылғи өзі жүрді. Қазіргі кезде ҚР бильярд спорт федерациясының (ФБС РК) бірінші вице-президенті. Қазақстан командасы соңғы жылдары бұл спортта әлем деңгейінің бірінші қатарында көрініп жүр.

Әңгіменің әлқиссасында Әділ інімнің мектеп қабырғасында алған білімі мен әдебиетке деген бейімі кейін қолына қалам алып, кітап, мақала жазуға әкелгенін көреміз. Жазғаныңды түзеп, өткір ой айтатыны бар. Соның нәтижесінде Әділ 10 кітаптың авторы, оның басқаруымен, қаржылық қолдауымен ондаған кітап шығарылды. Бұл да әдебиет әлеміне қосқан батырдың өз үлесі.

Жоғарыда баяндағандай, ол көп жылдар бойы шығармашылықпен айналысып, өзінің оқудағы, қызметтегі, жалпы жұмыс істеген облыстардағы ұстаздары, ел ағалары, мемлекет және қоғам қайраткерлері туралы «Егемен Қазақстан», «Казахстанска правда», басқа да облыстық газеттерде, аталған тұлғалы азаматтардың 70, 80, 90 жылдық мерейтойларына орай арнайы жазған 40-тан астам мақалаларын жинақтап, кітап болып, оқырманға жол тартты.

Сөз соңында «Генерал болуды армандамайтын солдат жоқ» демекші, ағалық, аталық сөз айтатын, парасатты азаматтың мақсатының жетіп, арман деген шыңның биігіне шыққанын көреміз. Бір қарағанда оның арманы байлық та, мансап та емес. Халқымызда елінің, жерінің қадірін білген Әділдей азаматтар бар да рухымыз биіктемесе, аласармайды. Өйткені, өмір заңы – өсу мен өркендеуден тұрады. Жақсы адамдарды көргенде жан жадырайтыны сондықтан. Қолына шам алмай-ақ жақсылар жанымызда жүргені қандай, ғанибет!

**Күмісжан БАЙЖАН,**
Қазақстанның Құрметті журналисі.

ЖаSTAR алаңы

# Диалогқа құрылған дипломатия

2025 жылғы 11 қарашада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясына мемлекеттік сапармен барды. Бұл сапар Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастың жоғары деңгейін тағы бір мәрте дәлелдеген маңызды саяси оқиға болды. Сапар аясында Мемлекет басшысы Ресей Президенті Владимир Путинмен келіссөздер жүргізді. Кездесу барысында екі ел арасындағы саяси, экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастықтың өзекті бағыттары талқыланды. Тараптар Қазақстан мен Ресейдің жақын көрші елдер ғана емес, тарихы, экономикасы және қауіпсіздік мүдделері тығыз байланысқан стратегиялық әріптестер екенін атап өтті. Өз пікірімше, Ресей Қазақстан үшін әрдайым ерекше маңызға ие ел болып қала береді. Бізді ұзақ шекара, ортақ тарих және өзара экономикалық тәуелділік байланыстырады. Сондықтан екі ел арасындағы тұрақты диалог пен сенімге негізделген саясат – аймақтағы тұрақтылықтың басты кепілі.



Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан мен Ресей арасында «Жан-жақты стартегиялық серіктестік» декларациясы қабылданды. Бұл құжат екіжақты қатынастарды жаңа деңгейге көтеріп, стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бағытталған. Әрине, бұл декларация формалды құжат қана емес, екі мемлекеттің бір-біріне деген сенімін көрсететін маңызды саяси сигнал. Ол Қазақстан мен Ресейдің ұзақ мерзімді, прагматикалық және өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын екенін айқын көрсетеді. Сапар барысында сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одақтың саммиті өтті. Онда экономикалық интеграцияны дамыту және ұйым аясындағы өзара іс-қимылды күшейту мәселелері қаралды. Саммитте 2026 жылы Қазақстанның ЕАЭО-ға төрағалық ететіні аталып өтті.

Менің көзқарасым бойынша, бұл Қазақстанға ЕАЭО шеңберінде өз бастамаларын алға жылжытуға, ұлттық экономикалық мүдделерді қорғауға және өңірлік интеграцияға жаңа серпін беруге мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресейге жасаған мемлекеттік сапары продуктивті әрі нәтижелі болды. Бұл кездесу Қазақстан мен Ресейдің жақын достық, одақтастық және стратегиялық серіктестік қатынастарын одан әрі нығайтты деп айтуға толық негіз бар.

**Қадірәлі АЙДОСҰЛЫ,**
Ұзынағаш ауылындағы
№1 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы.

## Бір сыныптан бір сапқа: 12 сыныптас әскери борышын бірге өтеуде

Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы № 6506 әскери бөлімінің оқу пунктіне жаңа толықтырым келгенде ерекше әрі сирек жағдай анықталды – 12 жас сарбаз бұрынғы сыныптастар болып шықты. Барлығы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Үмбетәлі Кәрібаев атындағы орта мектепті бірге тамамдап, қазір қатарласып қырағылыққа және әскери қызметке дайындалуда.

– «Біз Отанымызды қорғау үшін бірге тұрғанымызға мақтанамыз. Мұнда біз бір-бірімізді мектептегідей қолдаймыз. Осындай ұжданды бірлік әскери өмірге тезірек бейімделуге көмектеседі», – дейді қатардағы жауынгер Марат Бейбарыс.

Мұндай мысалдар сирек кездеседі, бірақ дәл осы оқиғалар патриотизм мен жауынгерлік бауырластықтың мектеп табалдырығынан бастала-





тынын айқын көрсетеді. Бүгінгі таңда осы жігіттер бірлік, өзара қолдау және Отанға адалдықтың лайықты үлгісі болып отыр.

Бөлім басшылығының айтуынша, мұндай жағдай өте сирек кездеседі. Себебі, бір ауданнан бір әскери бөлімге түсу өз кезегінде үлкен кездейсоқтық.

– «Біз бала кезімізден бірге өсіп келеміз. Әскерге баруды саналы түрде шештік. Ешкім қашқан жоқ, керісінше, баруға ынталы болдық. Бізді бір әскери бөлімге бөлгенде өзіміз де таң қалдық. Қазір бір команда сияқтымыз», – дейді қатардағы жауынгер Расул Саутов.

Қазіргі уақытта жігіттер оқу пунктінде бастапқы әскери дайындықтан өтіп, әскери қызметтің негіздерін меңгеруде. Командирлер олардың ұйымшылдығы мен бір-біріне көмек көрсетуін жоғары бағалайды.

Айта кетерлік жайт, бастапқы әскери даярлық курсы бір айға созылады. 2026 жылғы 24 қаңтарда мерзімді әскери қызметтегі жауынгерлер әскери ант қабылдайтын болады, одан кейін Шымкент қаласында қоғамдық тәртіпті сақтау бойынша қызметін атқаруды бастайды.

**ҚР ІІМ Ұлттық ұланы «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығының баспасөз қызметі.**

*Жас қалам*

***Өнерлі өрендердің өнерге деген талпынысын, шығармашылық ізденісін көпшілікке танытуды мақсат еткен «Жас қалам» айдары аясында Жамбыл ауылындағы Өнер мектебі оқушыларының туындыларын оқырман назарына ұсынбақшымыз. Жас авторлардың жүрек түкпірінен туған шығармалары – таланты мен талпыныстарының айқын көрінісі. Өнерге құштар жас өренге шабыт беріп, шығармашылық жолында қанаты талмай самғауына тілектеспіз.***



## Туған жер

О, туған жер, құт мекен, кең құшағың,
Жырымменен өзіңді бір құшамын.
Табиғаттың тылсымы шабыт сыйлап,
Қанат алып қиялдан көкке ұшамын.

Мақтан етем өзіңді туған далам,
Сенде туып, өскенім думан маған.
Алыс кетсем жырақтап бірер күнге,
Ақ төсіңнің сүтіне құмарланам.

Құрмет тұтам аңың мен құсыңды да,
Мөлдір көрем лай басқан тұсыңды да.
Әлемнің кеуде қаққан шаһарлары,
Сендей байлық, молшылық ұсынды ма?

Тау-тасыңды, бағыңды сүйіп өтем,
Сүйе алмаған пенденің күйігі екен.
Өле өлгенше өзіңе тағзым етіп,
Тірі тұрсам басымды иіп өтем.

Асықпын тауларыңа, әр шыңыңа
Ғашықпын, құмың тұрмақ балшығыңа.
Жүз шумақ жыр арнар ем маған салса,
О, туған жер, суың түгіл шалшығыңа.

Тамсанам, әрбір ағаш, орманыңа,
Жусандай жұпар болсын жырларым да.
Осынша кереметке таң қаламын
Дәл менің көз алдымда тұрғанына.

Сенен шабыт алашын кейде алысқа,
Құмармын сенен шыққан күй-дауысқа.
Туған жер, саған өлең жазған сайын
Жаным ашып кетеді, Бейбарысқа!

**Нұрдәурен БАҒДАТҰЛЫ,**
Жамбыл атындағы орта мектептің
10 «Ә» сынып оқушысы.

*QR-ды сканерлеп, саулнамаға өт:*

**"АУДАНДА ЖАСТАРҒА ТАҒЫ НЕ ҚАЖЕТ?"**




♦ *Автолюбителям*

# Штрафы за нарушение ПДД с 1 января 2026 года

За счёт роста МРП водителям в случае нарушений ПДД придётся платить больше на 10 %.

Новый МРП в 2026 году – 4325 тенге. Данный месячный расчётный показатель выше действовавшего в 2025 году на 10 %. А так как к нему привязаны все административные штрафы, они пропорционально увеличатся. Разберём самые популярные из них.

**За превышение скорости. Статья 592**

Штраф за превышение установленной скорости движения ТС на величину:

- от 10 до 20 км/ч – 5 МРП, или 21 625 тенге;
- от 20 до 40 км/ч – 10 МРП, или 43 250 тенге;
- от 40 до 60 км/ч – 20 МРП, или 86 500 тенге;
- от 60 и более км/ч – 40 МРП, или 173 000 тенге.

**За пользование телефоном за рулём. Статья 591**

Штраф за пользование водителем при управлении ТС телефоном либо радиостанцией равен 5 МРП, или 21 625 тенге.

Штрафы за нарушение ПДД с 1 января 2026 года

**Езда с грязным или шумным выхлопом. Статья 334**

За эксплуатацию автомототранспортных средств, у которых содержание загрязняющих веществ в выбросах, а также уровень шума, производимого ими при работе, превышают установленные нормативы, предусмотрен штраф:

- для на физлиц – 10 МРП, или 43 250 тенге;
- для юрлиц – 100 МРП, или 432 500 тенге.

За эти же нарушения, совершённые повторно в течение года после наложения взыскания, – штраф на физлиц в размере 20 МРП, или 86 500 тенге, на юридических – 200 МРП, или 865 000 тенге.

**За перегруз, езду без ремня безопасности и шлема. Статья 593**

Несоблюдение правил перевозки пассажиров и грузов – штраф в размере 5 МРП, или 21 625 тенге.

За перевозку пассажиров вне кабины (салона) авто, а равно допущение их высовывания в оконные проёмы и люки транспортного средства, открывания дверей во время движения – штраф 10 МРП, или 43 250 тенге.

Езда без ремня безопасности или в незастёгнутом мотошлеме влечёт штраф в размере 5 МРП, или 21 625 тенге.

**За нарушение правил обгона, расположение на дороге. Статья 596**

За движение по пешеходным дорожкам, обочинам или тротуарам в нарушение ПДД – штраф в размере 15 МРП, или 64 875 тенге.

Выезд на сторону проезжей части дороги, предназначенную для встречного движения в случаях, если это запрещено ПДД, в том числе сопряжённый с разворотом или поворотом, влечёт лишение права на управление ТС на срок 6 месяцев.

**За нарушение правил остановки или стоянки. Статья 597**

Нарушение правил остановки или стоянки, за исключением случаев, предусмотренных частями 2, 3 настоящей статьи – штраф в размере 5 МРП, или 21 625 тенге.

Заезд на тротуар для остановки или стоянки, а также на клумбы, газоны, детскую или спортивную площадку – штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

Нарушение правил остановки или стоянки на проезжей части, повлёкшее создание препятствий для движения других авто, – штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

Парковка в местах, отведённых для остановки или стоянки ТС инвалидов, – штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

За уклонение от уплаты за парковку – штраф в размере 1 МРП, или 4325 тенге.

**Нарушение правил проезда перекрёстков или пересечение проезжей части дороги. Статья 594**

Выезд на перекрёсток в случае образовавшейся пробки, который привёл к созданию препятствия (затора) для движения машин в поперечном направлении, влечёт предупреждение или штраф в размере 3 МРП, или 12 975 тенге.

Невыполнение требования ПДД уступить дорогу транспорту, пользующемуся преимущественным правом проезда перекрёстков (полиция, скорая, пожарная техника и спецслужбы), влечёт штраф в размере 15 МРП, или 64 875 тенге.

**За нарушение правил маневрирования. Статья 595**

Штраф за невыполнение требования ПДД включить поворотник перед перестроением, поворотом, разворотом или остановкой – 5 МРП, или 21 625 тенге.

Движение задним ходом в местах, где это запрещено, – штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

**За проезд на запрещающий сигнал светофора. Статья 599**

Наказание за проезд на запрещающий сигнал светофора или запрещающий жест регулировщика – штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

*Для напоминания: жёлтый сигнал светофора, как и красный, является запрещающим.*

**Не уступить дорогу пешеходам или иным участникам движения. Статья 600**

Штраф за невыполнение требований ПДД уступить дорогу пешеходам или иным участникам дорожного движения, за исключением водителей ТС, пользующихся преимуществом в движении, – 10 МРП, или 43 250 тенге.

**За несоблюдение дорожных знаков или разметки. Статья 601**

Несоблюдение требований, предписанных дорожными знаками или разметкой проезжей части дороги, – штраф 3 МРП, или 12 975 тенге.

**За создание аварийной обстановки. Статья 606**

Нарушение участником дорожного движения ПДД, повлёкшее создание аварийной обстановки, то есть вынудившее других участников движения резко изменить скорость, направление движения, влечёт штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

**За нарушение правил проезда железнодорожных путей. Статья 607**

Штраф за пересечение ж/д пути вне переезда, выезд на ж/д переезд при закрытом или закрывающемся шлагбауме либо при запрещающем сигнале светофора или дежурного, а равно остановка или стоянка на ж/д переезде – 20 МРП, или 86 500 тенге.

**За ДТП, повлёкшее вред здоровью людей, повреждение авто или иного имущества. Статья 610**

Нарушение водителями ПДД, повлёкшее повреждение автомобилей, грузов, дорог, дорожных и других сооружений или иного имущества, причинившее материальный ущерб, – штраф в размере 25 МРП, или 108 125 тенге.

Те же действия, повлёкшие причинение потерпевшему лёгкого вреда здоровью, – штраф в размере 40 МРП, или 173 000 тенге, или лишение права управления ТС на срок до 9 месяцев.

Те же действия, совершённые лицом, не имеющим либо лишённым права управления ТС, – штраф 60 МРП, или 259 500 тенге.

**Невыполнение водителем обязанностей в связи с ДТП. Статья 611**

Оставление водителем места ДТП, участником которого он являлся – штраф 50 МРП, или 216 250 тенге, либо лишение права управления на срок 1 год.

*Примечание. Лицо, оставившее место аварии в связи с оказанием медицинской помощи пострадавшему, освобождается от ответственности по настоящей статье.*

**За вождение без прав и документов на авто. Статья 612**

Управление автомобилем водителем, не имеющим при себе водительского удостоверения или временного удостоверения, выданного взамен, а также регистрационных и иных установленных документов на машину, влечёт предупреждение либо штраф в размере 5 МРП, или 21 625 тенге.

Управление авто водителем, лишённым прав, – штраф в размере 50 МРП, или 216 250 тенге, либо арест на десять суток.

**За невыполнение требования об остановке авто. Статья 613**

Невыполнение законного требования сотрудника полиции об остановке – штраф в размере 40 МРП, или 173 000 тенге.

Оставление водителем кабины авто в случае его остановки полицейским без его разрешения, а также невыполнение требования о выходе из кабины – штраф в размере 5 МРП (21 625 тенге).

**Штрафы за госномера, а также за неисправности и незаконное переоборудование. Статья 590**

Управление зарегистрированным автомобилем с нечитаемыми, или не соответствующими требованиям стандарта, или установленными вне предусмотренных мест номерными знаками – штраф в размере 5 МРП, или 21 625 тенге.

За езду на машине без номеров или после запрещения её эксплуатации, или не зарегистрированной в установленном порядке – штраф в размере 10 МРП, или 43 250 тенге.

Установка на авто подложных или поддельных номеров – штраф для физических лиц в размере 15 МРП, или 64 875 тенге.

Управление авто, не отвечающим требованиям техрегламентов, стандартов, а также при наличии неисправностей или условий, при которых запрещается эксплуатация транспортных средств, – штраф в размере 5 МРП, или 21 625 тенге.

Управление машиной, переоборудованной без разрешения, влечёт штраф в размере 15 МРП, или 64 875 тенге.

Езда на авто, не прошедшем техосмотр, – штраф 5 МРП, или 21 625 тенге.

**Будьте внимательны и соблюдайте ПДД!**

https://kolesa.kz/

# Әр оқырман – біз үшін қымбат




Ұзынағаш ауылының тұрғыны 1937 жылы туылған, биыл 88 жасты еңсерген ақсақалымыз Ақтаев Кенжебек ата «Атамекен» газетінің тұрақты оқырманы ретінде редакцияға арнайы келіп, басылымға жазылуға ниет білдірді. Бұл – аудандық газетке деген шынайы ықылас пен сенімнің айқын көрінісі.

Кенжебек атамыз «Атамекен» газетін көптен бері үзбей оқып келе жатқанын айтып, газет беттерінде жарық көретін ауыл өмірі, әлеуметтік мәселелер, ел тынысы, жергілікті жаңалықтар мен түрлі танымдық мақалалар әрдайым қызықты әрі мазмұнды болатынын атап өтті. Оның пікірінше, басылымда көтерілетін өзекті тақырыптар тұрғындарды бейжай қалдырмай, ой салуға, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ықпал етеді.

Редакцияға арнайы келіп, газетке жазылуы – оқырман мен басылым арасындағы тығыз байланыстың, өзара құрметтің белгісі. Мұндай жанашыр, белсенді оқырмандардың қолдауы редакция ұжымын жаңа идеялар мен тың ізденістерге жетелеп, сапалы әрі шынайы ақпарат ұсынуға жігерлендіреді.

«Атамекен» газеті алдағы уақытта да өз оқырмандарының сеніміне лайық болып, ел мен жердің тынысын, ауыл тұрғындарының мұң-мұқтажы мен қуанышын шынайы жеткізуді жалғастыра бермек.

**«Атамекен-ақпарат».**

# Ардагерге құрмет көрсетілді



Қонаев қаласында өткен облыстық жиналыс барысында Жамбыл аудандық «Ауыл» партиясының дамуына ұзақ жылдар бойы сүбелі үлес қосқан ардагер, партия төрағасы қызметін бірнеше жыл абыроймен атқарған Байтенов Ерғали салтанатты түрде марапатталды. Іс-шара аясында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Әбденова Қарақат Жақсылыққызы және Алматы облысы бойынша «Ауыл» партиясының төрағасы Қанат Ботайұлы ардагерге Ауыл шаруашылығы министрлігінен берілген «Құрметті ардагер» медалін табыстады.

Ерғали Байтенов 20 жыл «Ауыл» партиясының белсенді мүшесі ретінде партия жұмысына белсене араласты, Жамбыл ауданындағы «Ауыл» партиясының филиалын 10 жыл бойы басқарып, елге адал қызмет етті. Ауыл шаруашылығы саласының дамуына, партияның аудан көлемінде нығаюына қосқан еңбегі ескеріліп, министрлік атынан берілген марапатты Мәжіліс депутаты Қарақат Жақсылыққызы арнайы келіп тапсырды. Бұл – қажырлы еңбек пен азаматтық ұстанымға көрсетілген зор құрмет. Ардагер ағамызды лайықты марапатымен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, ел игілігі жолындағы еңбегіне толағай табыс тілейміз!

**Маржан БАЙТЕНОВА,**
Ұзынағаш ауылының тұрғыны.

*♦ Закон и правопорядок*

# МВД ПРЕДУПРЕЖДАЕТ О МОШЕННИКАХ В СФЕРЕ ИНВЕСТИЦИЙ



В последнее время участились случаи интернет-мошенничества, когда злоумышленники под предлогом инвестирования и вложения средств в различные проекты обманывают граждан.

Мошенники используют технологии дипфейк и искусственный интеллект в мессенджерах и соцсетях, применяя изображения известных личностей, чтобы привлечь людей к «инвестиционным проектам» и «фондам» с обещанием быстрой и гарантированной прибыли.

При контакте с лжеброкерами гражданам предлагают установить мобильные приложения, перейти по ссылкам или перевести деньги на счета третьих лиц под видом «вложений», «активации аккаунта» или «увеличения прибыли». После перевода средств связь с мошенниками обычно прекращается, а обещанный доход так и не поступает. Иногда мошенники продолжают требовать деньги, ссылаясь на «налоги», «комиссии» или «страховые взносы».

В связи с этим Департамент по противодействию киберпреступности МВД рекомендует, не доверять обещаниям «гарантированной» прибыли, не переводить деньги неизвестным лицам и на сомнительные счета, не переходить по подозрительным ссылкам и не устанавливать приложения из непроверенных источников, проверять информацию о компаниях только через официальные источники и государственные реестры, изучать инвестиционные рынки и обращаться только в официальные офисы проверенных компаний.

Если вы стали жертвой интернет-мошенничества или располагаете информацией о подобных фактах, необходимо незамедлительно обратиться в органы внутренних дел по месту жительства или по номеру «102».

МВД продолжает работу по противодействию интернет-мошенничеству и призывает граждан к повышенной бдительности при совершении финансовых операций в сети.

## НАСЛЕДСТВО

*** Открылось наследственное дело после смерти гр.Жубанова Умбет Мухамбеталиевича, умершего 18.06.2023 года. Наследников, претендующих на наследство, просим обратиться по адресу: Республика Казахстан, Алматинская область, Жамбылский район, с.Узынагаш, ул.Караш батыра, 112 к нотариусу Камалиевой Гульмире Бекзадаевне, **в течении одного месяца** со дня выхода газеты с объявлением.

# Мемлекеттік тіліміздің тағдыры – тек өз қолымызда

Мемлекеттік тіл – кез келген елдің тәуелсіздігін, тұтастығын, рухани болмысын айқындайтын басты құндылықтарының бірі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының Конституциясымен бекітілген мемлекеттік тіл. Бұл – қағаз жүзіндегі ғана норма емес, елдің бүкіл қоғамдық-саяси, құқықтық және мәдени өмірінің өзегін құрауы тиіс басты қағида. Осы тұрғыда мемлекеттік тіліміздің тағдыры тек заң актілеріне немесе бір ғана мемлекеттік органға емес, әрбір азаматтың, әрбір лауазымды тұлғаның, соның ішінде сот билігі өкілдерінің де азаматтық ұстанымына тікелей байланысты екенін атап өткім келеді.

Судья ретінде мен үшін тіл – тек қатынас құралы ғана емес, әділ сотты жүзеге асырудың маңызды тетігі. Себебі сот төрелігі халықтың атынан жүзеге асырылады, ал халықтың тілі – қазақ тілі. Сотқа жүгінген әрбір азамат өзінің ана тілінде ойын еркін жеткізуге, құқығын қорғауға, әділ шешімді сол тілде естуге толық құқылы. Бұл – Конституциямен кепілдік берілген негізгі құқықтардың бірі.

Өкінішке қарай, қазіргі таңда мемлекеттік тілдің сот ісін жүргізудегі қолданысы әлі де болса күшейтуді қажет етеді. Кейбір жағдайларда қазақ тілінде сотқа жүгінген азаматтар тілдік кедергілерге тап болып жатады. Бұл – тек тіл мәселесі емес, бұл – азаматтардың сотқа деген сеніміне әсер ететін маңызды фактор. Сондықтан судья ретінде мен сот ісін мемлекеттік тілде жүргізудің маңыздылығын терең сезінемін және оны күнделікті қызметімде басшылыққа аламын.

Мемлекеттік тілдің тағдыры неге тек өз қолымызда дейміз? Себебі заң бар, талап бар, мүмкіндік бар. Ендігі мәселе – ниет пен жауапкершілікте. Егер әрбір мемлекеттік қызметші, әрбір судья, прокурор, адвокат, құқық қорғау органы қызметкері өз жұмысын алдымен мемлекеттік тілде жүргізуге ұмтылса, бұл бағытта айтарлықтай оң өзгеріс болары сөзсіз. Тілді қолдану – оны дамытудың ең тиімді жолы.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің дамуы үшін кадрлық дайындық та ерекше маңызға ие. Болашақ судьялар мен заңгерлерді даярлау барысында қазақ тіліндегі заң терминологиясын терең меңгерту, процессуалдық құжаттарды сауатты жазуға үйрету – уақыт талабы. Заң тілі күрделі, бірақ ол қазақ тілінің мүмкіндіктерін кеңінен аша алады. Бұл жерде «қазақ тілінде заң тілі қалыптаспай қалған» деген пікірмен келісе алмаймын. Керісінше, оны қолданбай жүргеніміз – басты мәселе.

Мемлекеттік тілге деген құрмет ең алдымен өзімізден басталуы тиіс. Судья ретінде мен үшін сот залында айтылған әрбір қазақша сөз, мемлекеттік тілде шығарылған әрбір сот актісі – ел болашағына қосылған үлес. Себебі әділ сот пен мемлекеттік тіл – бір-бірінен ажырамас ұғымдар. Әділдік халыққа түсінікті тілде айтылғанда ғана өз мәніне ие болады.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік тіліміздің тағдырына алаңдау – жалпылама ұранмен шектелмеуі тиіс. Ол нақты іспен, күнделікті қызметпен дәлелденуі керек. Біз мемлекеттік тілде сөйлеуден, жазудан, ойлаудан қашпасақ, оны барлық салада, соның ішінде сот төрелігінде де толыққанды қолдансақ, қазақ тілінің болашағына күмән келтіруге негіз қалмайды.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің тірегі. Ал сол тіректі берік ұстау – әрқайсымыздың қасиетті парызымыз. Судья ретінде де, Қазақстан Республикасының азаматы ретінде де мен осы ұстанымды берік сақтауға шақырамын. Мемлекеттік тіліміздің тағдыры тек өз қолымызда.

**Э.КАРИБАЕВ,**
Жамбыл аудандық сотының судьясы.

**ПРАЙС ЛИСТ**
**ТОО «Жамбыл Атамекен»**
**По нижеуказанным расценкам оказывает платные услуги на 2026 год:**

| Наименование услуг | Для физ.лиц | Для юр.лиц | Для работников бюджетных организаций и студентов (при подписке на газету) |
|---|---|---|---|
| - размещение, публикация на ч/б полосы<br>-на цветные | 200 тенге/кв.см<br>230 тенге/кв.см | 230 тенге/кв.см<br>250 тенге/кв.см | 1 лист А4<br>16 штрифтом – 6000 тенге. |
| по другим видам услуг (о продаже и покупке дома или товаров) | 300 тенге/1 слово | 400 тенге/1 слово | 300 тенге/1 слово |
| утеря документов (за каждый утерянный документ) | 300 тенге/1 слово | 400 тенге/1 слово | 300 тенге/1 слово |
| Поздравление (цена указана на не более 100 кв.см) ***(при публикации поздравления в газете, публикация в социальной сети инстаграмм бесплатно)*** | 6000 тенге | 7000 тенге | 6000 тенге |
| благодарность, некролог (цена указана на не более 100 кв.см) | 6000 тенге | 7000 тенге | 6000 тенге |
| Наследство | 5000 тенге | 5000 тенге | 5000 тенге |
| Объявления об общественных слушаниях (цена указана на не более 130 кв.см) | | 30000 тенге | |
| Размещение публикации на сайте «www.atamekengazeti.kz» | 150 тенге/кв.см | 180 тенге/кв.см | 1 лист А4 16 штрифтом – 6000 тенге. |

**ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ – 2026**

| Жазылым мерзімі | «Қазпочта» АҚ жазылу бағасы (жеткізу арқылы) |
|---|---|
| 6 айға | 3955,36 теңге |
| 11 айға | 7251,50 теңге |

**ПОДПИСКА – 2026**

| Период подписки | Подписочная цена АО Казпочта (с доставкой) |
|---|---|
| 6 месяцев | 3955,36 тенге |
| 11 месяцев | 7251,50 тенге |

# Нұрлан ӘБДІБЕК



Белгілі ақын, танымал журналист, әдебиет зерттеушісі, Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың иегері Нұрлан Әбдуәлиұлы Әбдібек 66 жасында өмірден өтті.

Ол 1960 жылдың 2 шілдесінде Алматы облысының қазіргі Райымбек ауданы, Сүмбе ауылында дүниеге келген. Кейін Жамбыл ауданына қарасты Үңгіртас ауылындағы интернатта және Аққайнар ауылындағы орта мектепте білім алған. Содан кейін 1984 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде «қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі» мамандығын меңгерген.

Алғашқы еңбек жолын Аққайнар ауылында көмекші шопан, 1984-1986 жылдары Ұзынағаш ауылындағы орта мектепте мұғалім болып бастаған. 1986-1988 жылдары Жамбыл аудандық «Атамекен» бұрынғы («Екпінді еңбек») газетінде тілші, 1989-1991 жылдары Жамбыл мұражайында аға ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істеген.

«Қазақстан» ұлттық арнасында қызмет істеген жылдары «Көкпар» ток-шоуының редакторы ретінде аталған бағдарламаның көрерменге танымалдығын арттыруға үлес қосты. Сондай-ақ, республикалық «Қазақ үні» газетінде бас редактордың орынбасары қызметін абыройлы атқарды.

Ізденген азамат бірнеше деректі фильмнің сценарийін жазды. Режиссер Текеев түсірген «Сағадат Нұрмағанбетов» атты фильмі Одессада гран-при алды. Күй атасы Құрманғазы, жыр алыбы Жамбыл, Жырдың қара жорғасы Үмтетәлі Кәрібаев, талантты ақын Есенқұл Жақыпбеков туралы түсірген фильмдері көпшіліктің көңілінен шықты.

Институт қабырғасында жүргенде-ақ сыршыл өлеңдерімен әдеби ортаға кеңінен танылған Нұрлан Әбдуәлиұлы 1982 жылы студент-жастар айтысында, 1989 жылы халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста бас жүлдені иеленді. Сондай-ақ айтыс өнерін насихаттап, бірнеше рет республикалық ақындар сайысын ұйымдастыруға ықпал етті. Ол жазба ақындар арасында өткен жыр мүшәйраларында да топ жарып жүрді.

2020 жылы ақынның «Күрең үн» атты поэзиялық жинағы жарық көрді. Халық ақындары Көдек ақын Байшығанұлы мен Үмбетәлі Кәрібаевтің, Әбдіғали Сариевтің 3 томдық жинақтарын, өлкетану бағытындағы өзге де бірнеше кітапты құрастыруға қатысты.

Ауданның рухани өміріне өзіндік үлесін қосқан Нұрлан Әбдібектің жарқын бейнесі көңілімізде сақталары сөзсіз. Жаны жаннаттың төрінде болып, пейіште нұры шалқысын демекпіз.

**Н.Е.Ертас, М.О.Әмірғалиев, Ы.Е.Амалбек, Ә.К.Абаев, Б.Н.Мендебаев, Б.Б.Әлиев, А.Т.Туматаев, А.Ж.Сұлтанов, Ә.Қамбарұлы, Ә.Қ.Досымбетов, А.Ж.Медеуова, Н.Е.Әшекеева, К.Байжан, Н.Қапалбеков, Н.Әбдірахым, Ө.Өмірзақов, Р.Терлікбаев, Ә.Ысқақов және «Атамекен» газетінің ұжымы.**

**«ЖАМБЫЛ АТАМЕКЕН» ЖШС**

**Директор**
Айнабекова М.Б.
**Бас редактор**
Әйгерім ӘБУ
**Дизайнерлер**
Мадина Тоқтасынова
Айнұр Қойкелова

• Газет – 2017 жылғы қарашаның 9-да Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке алу туралы № 16738-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық поштасы: Atameken1932@bk.ru
• Осы шығарылымның таралымы – 7000 дана. Тапсырыс – 3 (125)
• Индексі – 65264. Көлемі – 2 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.
• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.

• Газетке жарияланған кейбір суреттер мен мәліметтер интернет жүйесінен алынды.
• Газетте жарияланған мақалаларды редакцияның жазбаша рұқсатынсыз жазуға болмайды.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.
Тел: 378-42-00, факс: 378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».

**«ЖЕТІСУ» ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯСЫ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

040000, Талдықоған қаласы
Балапанов көшесі, 28
тел.: 40-00-29
Email: jetisu-tv@mail.ru
2026 ж. «16» қаңтар
№01-07/25

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
**«ТЕЛЕРАДИОКОМПАНИЯ «ЖЕТІСУ»**

040000, г.Талдыкорган
ул.Балапанова, 28
тел.:40-00-29
Email: jetisu-tv@mail.ru
«16» января 2026г.
№01-07/25

**ЭФИРНАЯ СПРАВКА**

Настоящим ТОО «Телерадиокомпания «Жетісу» подтверждает, что 16 января 2026г. прошло объявление в бегущей строке, на государственном и на русском языке.

Текст следующего содержания:

Общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» для Дробильно-сортировочные установки с карьерами по добыче песчано-гравийной смеси ТОО «Алматы Бетон LTD» расположенной в Алматинской области, Жамбылском районе, в Каргалинском сельском округе, на месторождении «Шолпан - Каргалинское», будут проводиться 27.02.2026 г. в 11.30, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Каргалы, ул. Гагарина д.1 на территории акимата.

Ссылка на онлайн-конференцию – https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&omn=79333598821

Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алматы Бетон LTD» БИН 170240006950, Алматинская область, Жамбылский район, Каргалинский сельский округ, село Каргалы, ул.Маметова,18б, кв. 39, тел. +77017366027

Разработчик проекта «Отчет о возможных воздействиях» – ТОО «Фирма Пориком» БИН 931040000540, г. Алматы, мкр. 1, дом 66Б, н.п.3а, офис 5. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com..

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz., а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке; https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat, замечания и предложения принимаются на сайте https://ndbecology.gov.kz., а также по электронной почте МИО priroda_alm@bk.ru

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, «Шолпан - Каргалинское» кен орнында орналасқан «Алматы Бетон LTD» ЖШС құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған карьерлері бар ұсақтау және іріктеу қондырғылары арналған «Ықтимал әсерлер жайындағы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар 27.02.2026 ж. сағат 11:30-да, Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Гагарин көшесі, 1 үй мекежайында әкімшілік аумағында өтеді..

Онлайн конференцияға сілтеме:
https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&omn=79333598821
Конференция идентификаторы: 399 091 9748 , кіру коды: 8888

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Алматы Бетон LTD» ЖШС БСН 170240006950, Алматы обл., Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Қарғалы ауылы Маметова көшесі, 18б, кв. 39 пәтер, тел. +77017366027.

«Ықтимал әсерлер жайындағы есеп» жобасын әзірлеуші:«Порикoм фирмасы» ЖШС (БСН 931040000540, Алматы қ.,1-ш/а, 66Б үйі,т.е. 3а, 5-кеңсе). Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен эл.мекенжай: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

Жоба материалдарымен https://ndbecology.gov.kz. сайтында, сонымен бірге Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының сайтында мына сілтеме бойынша; https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat танысуға болады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz. сайты және ЖАО priroda_alm@bk.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.

Директор ТОО «Телерадиокомпания Жетісу»
Алтынбекұлы Д.




Общественные слушания по проекту «Отчет о возможных воздействиях» для Дробильно-сортировочные установки с карьерами по добыче песчано-гравийной смеси ТОО «Алматы Бетон LTD» расположенной в Алматинской области, Жамбылском районе, в Каргалинском сельском округе, на месторождении «Шолпан - Каргалинское», будут проводиться 27.02.2026 г. в 11.30, по адресу: Алматинская область, Жамбылский район, село Каргалы, ул. Гагарина д.1 на территории акимата.

Ссылка на онлайн-конференцию – https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&omn=79333598821

Идентификатор конференции: 399 091 9748, код доступа: 8888

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Алматы Бетон LTD» БИН 170240006950, Алматинская область, Жамбылский район, Каргалинский сельский округ, село Каргалы, ул.Маметова,18б, кв. 39, тел. +77017366027

Разработчик проекта «Отчет о возможных воздействиях» – ТОО «Фирма Пориком» БИН 931040000540, г. Алматы, мкр. 1, дом 66Б, н.п.3а, офис 5. Контакты и электронный адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

С материалами проекта можно ознакомиться на сайте https://ndbecology.gov.kz., а также на сайте Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области по ссылке; https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat, замечания и предложения принимаются на сайте https://ndbecology.gov.kz., а также по электронной почте МИО priroda_alm@bk.ru

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, «Шолпан - Каргалинское» кен орнында орналасқан «Алматы Бетон LTD» ЖШС құм-қиыршық тас қоспасын өндіруге арналған карьерлері бар ұсақтау және іріктеу қондырғылары арналған «Ықтимал әсерлер жайындағы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар 27.02.2026 ж. сағат 11:30-да Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы, Гагарин көшесі, 1 үй мекежайында әкімшілік аумағында өтеді.

Онлайн конференцияға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/3990919748?pwd=V0xxeU5zazFqcHZORC82eHVvakJrdz09&omn=79333598821

Конференция идентификаторы: 399 091 9748 , кіру коды: 8888

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы: «Алматы Бетон LTD» ЖШС БСН 170240006950, Алматы обл., Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылдық округі, Қарғалы ауылы Маметова көшесі, 18б, кв. 39 пәтер, тел. +77017366027.

«Ықтимал әсерлер жайындағы есеп» жобасын әзірлеуші:«Пориком фирмасы» ЖШС (БСН 931040000540, Алматы қ.,1-ш/а, 66Б үйі,т.е. 3а, 5-кеңсе). Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен эл.мекенжай: тел. +77017227234, e-mail: porikom2024@gmail.com.

Жоба материалдарымен https://ndbecology.gov.kz. сайтында, сонымен бірге Алматы облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды [illegible] сайтында мына сілтеме бойынша: [illegible] танысуға болады. Жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz сайты және ЖАО priroda_alm@bk.ru эл. поштасы арқылы қабылданады.


ХАБАРЛАНДЫРУЛАР
e-Otinish
eOtinish қай жерде қолжетімді
Aitu
e-Otinish
Где доступен eOtinish
Aitu
15 январь.2026г.15:30:25
с.Каргалы
Жамбылский район
Алматинская область


QAZAQSTAN
Жамбыл ауданы әкімдігінің
"Қарғалы ауылдық
округі әкімінің
аппараты" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі
15 январь.2026г.15:31:41
с.Каргалы
Жамбылский район
Алматинская область